Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 49 (1156)

08.12.2023

alatau.offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕДИЦИНА

ОН БІР МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ

қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммундалды

БҮГІНДЕ ҚЫЗЫЛША АУРУЫМЕН СЫРҚАТТАНУШЫЛАР САНЫ ӨСІП КЕЛЕДІ. ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЖЫЛ БАСЫНАН 556 ЖАҒДАЙ ТІРКЕЛІП, ОНЫҢ 381-І РАСТАЛҒАН. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ АСХАТ ЧАРАПИЕВ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ӨТКЕН БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫНДА БАЯНДАДЫ.

Айта кетерлігі расталған жағдайлардың 83,2 пайызы бұрын қызылшаға қарсы вакцинация алмаған. Өңірде инфекцияның таралуын болдырмауда тұрғындардың вакцина алуы үшін қажетті шаралар жүргізіліп жатыр.

Жетісу облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Асхат Чарапиевтың айтуынша, ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға қызылшаға қарсы жоспарлы егу 12-15 айлығында және қайта егу 6 жаста жүргізіледі.

«Қызылшамен ауырған науқастар санының көбеюіне байланысты қосымша жаппай иммундау 6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі балаларға, 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балаларға, қызылшаға қарсы профилактикалық екпелері жоқ, алдыңғы қосымша жаппай иммундау барысында қызылшаға қарсы егілмеген медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері, иммундық статусы белгісіз және бұрын екпе алмаған 18 жасқа дейінгі тұрғындар арасында жүргізіліп жатыр», – дейді Асхат Сәкенұлы.

Баяндамада белгілі болғандай, Жетісу облысында 11 мыңға жуық адам қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммундаумен қамтылған. Оның ішінде 6-10 айдағы балалар саны - 2118 болса, 5799-ы 2-4 жастағылар, ал 2577-і медициналық қызметкер, екпелерді өткізіп алған 18 жасқа дейінгі тұрғын саны - 205 адам. Облыста екпе алғандар саны күн сайын артып келетінін айтады маман.

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, қызылшаға қарсы ұжымдық иммунитет қалыптасу үшін халықтың 95 пайызы вакцинациялануы қажет. Біз осы көрсеткіштерге жеткенде сырқаттанушылық төмендейді. Бұл халыққа байланысты. Сондықтан медициналық шектеулеріңіз болмаса, белсенділік танытып, егілуге шақырамын», – деп атап өтті А. Сәкенұлы.

Екпе құрамындағы тірі әлсіздендірілген вирустар қоздырғыш ауру тудыра алмайды. Сонымен бірге күшті иммунды жауап шақырады. Сондай-ақ вакцина иммунитетті күшейтіп, оған 95 пайыз қорғаныс береді. Дәрігер мамандардың айтуынша, екпеден кейін иммунитет түзілуі үшін кем дегенде 2-3 апта уақыт қажет.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

ЕКІ МЫҢҒА ЖУЫҚ БАЛА
инклюзивті оқытумен қамтылған

Жетісу облысында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсететін 18 мекеме бар. Соның ішінде арнаулы интернаттар, облыстық педагогикалық-психологиялық консультациялар, педагогикалық-психологиялық түзету кабинеттері қызмет көрсетеді.

Кез келген бала өз қатарластарымен бірдей білім алып, тең мүмкіндіктерді пайдалануға құқылы. Дегенмен, денсаулық жағдайына байланысты бұл оларға көбіне қиынға соғып жатады. Облыстық білім басқармасының мәліметіне қарағанда, жалпы білім беретін мектептерде 203 педагог-дефектолог, 165 логопед, 1 тифлопедагог, 108 педагог-ассистент жұмыс істейді. Биыл Көксу ауданында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылған. Сол сияқты Панфилов ауданы Ы.Алтынсарин атындағы мектепте, Талдықорғандағы Ушинский атындағы №7, №27 орта мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттері жұмыс істейді. Талдықорған қаласындағы №16 орта мектеп базасында ресурстық кабинет ашылды. Мәселен, Талдықорғандағы №7 мектепте қазір инклюзивтік біліммен 10 бала қамтылып отыр. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Бахтихан Сейітованың айтуынша, бұл балалардың аутизм және психикалық дамуы тежелген деген диагноздары бар.

«Біздің мектепте он балаға арналған инклюзияны қолдау кабинеті 2019 жылдың қыркүйегінде ашылды. Осы үш жылдың ішінде 10 баланың 3-еуін қоғамдық ортаға бейімдеп, өз бетімен оқи алатын деңгейге жеткізіп шығардық. Қазір 10 бала инклюзивті білім алып жүр. Олар сыныпта басқа балалармен бірге отырып оқиды. Әрқайсының жанында бір-бір педагог-ассистент болады, яғни бізде 10 педагог-ассистент маман жұмыс істейді. Мұндай балалар Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына сәйкес ұсынылған бағдарламамен оқытылады. Әрине, бұл іске алғаш кіріскенде ата-аналар тарапынан да, оқушылар тарапынан да, тіпті мұғалімдердің арасында да қарсылық болды. Дегенмен осы үш жылдың ішінде ерекше қажеттілігі бар балаларды ортаға бейімдеу және сыныптастарының оларды қалыпты қабылдай алуы жағынан едәуір ілгерілеушілік байқалады. Яғни инклюзивті білім берудің тиімділігін уақыттың өзі көрсетіп отыр», – дейді Б. Сейітова.

Жалпы инклюзияны қолдау кабинеттері жұмысының тиімділігін ескере отырып, облыста білім басқармасының жол картасына сәйкес 2024 жылы тағы 2 кабинет ашу жоспарланып отыр.

Атап өтсек, Жетісу облысында ерекше білім беру қажеттігі бар 7072 бала бар, соның 1709-ы мүгедектігі бар балалар. Бүгінде 1896 бала мемлекеттік балабақшаларда, мектептер мен колледждерде инклюзивті білім берумен қамтылып отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

NIS - ИНДОНЕЗИЯМЕН БАЙЛАНЫСТА

Талдықорғандық NIS мектебінің оқушылары Джакартадағы «Sekolah Cikal» индонезиялық мектебіндегі құрдастарымен онлайн кездесу өткізді.

Кездесуді Зияткерлік мектеп кітапханашылары ұйымдастырды. Оқушылар өздерінің мемлекеттері туралы әңгімелеп, елінің салт-дәстүрімен, мәдениетімен таныстырды. Шетелде Отан даңқын асқақтатқан ең танымал қазақстандықтар туралы ақпарат индонезиялық оқушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды.

Кездесуді NIS оқушылары ашты. Қазақстанның таңғажайып, алуан түрлі табиғаты туралы бейнеролик ұсынып, тарихи орындарға толығырақ тоқталып, елдің сұлулығын көрсетті.

Өз кезегінде Джакартадағы Sekolah Cikal мектебінің оқушылары жойылып бара жатқан жануарлар түрлері туралы айтты. Сонымен қатар өздерінің тарихы, негізгі дәуірлері, тағамдары мен дәстүрлері туралы қысқаша экскурс жасады.

Онлайн кездесу барлық қатысушыға таңғажайып және ерекше елдер – Қазақстан мен Индонезияның мәдениетін сезінуге мүмкіндік берді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ІНДЕТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА «ZHANSUGUROV COLLEGE»-НІҢ «САНАЛЫ ҰРПАҚ» СТУДЕНТТІК КЛУБЫ ЖҰМЫС ЖАСАУДА.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

«Zhansugurov college»-нің «Саналы ұрпақ» студенттік клубы колледж директоры Бақытжан Ескендіровтың бастауымен жұмыс жасауда. «Zhansugurov college»-нің «Саналы ұрпақ» клубының мүшелері рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің елдің қоғамдық өміріне қатысуын арттыру, оларды әлеуметтік мәселелерді шешуге тарту, көшбасшылық қасиеттерін дамыту, саяси белсенділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты брейн – ринг турниріне қатысып, жүлдеді 2 – орынды иеленді. Ал, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттері арасында өткен облыстық «Саналы ұрпақ-2023» байқауында жүлделі 3 – орын иеленді.

«Zhansugurov college»-нің «Саналы ұрпақ» клубының мүшелері оқу жылының басында жоспар құрып, бекітті. «Жемқорлықсыз әлем» пікірталасы, «Жемқорлыққа жол жоқ!» сурет көрмесі, «Заңды білмеген жауапкершіліктен босатылмайды» атты дөңгелек үстел, Құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер, «Zhansugurov college»-нің студенттері арасында өткізілген жемқорлыққа қарсы сауалнамалар мен акциялар, сондай- ақ тәрбие сағаттары өткізілуде.

Біздің басты міндет – жұртшылықты сыбайлас жемқорлықтың нақты жағдайлары туралы хабардар ету ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны насихаттау, оның жетістіктері туралы хабарлау, азаматтарды, оның ішінде бізді, яғни жастарды да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларына үйрету. Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құруымыз керек.

Эмир БОЛАТ,
Zhansugurov college
309 Құқықтану факультетінің студенті.

ӘСКЕРИ ӨМІР

ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Жетісу гарнизонындағы Десанттық - шабуылдаушы әскерлерінің 18404 әскери бөлімінде жыл қорытындысы өтті.

Жыл қортындысында бөлім командирінің орынбасарлары, әскерлер тектері және қызмет бастықтары жеке құрам алдында есеп берді. Тиісті бұйрықтар шығарылып, бөлімнің барлық күнделікті тіршілік бағытында жоғары жетістіктерге жеткен әскери қызметшілер тізімі жеткізіліп, сонымен қатар тапсырмаларды орындауда жақсы нәтиже көрсеткен бөлімшелер анықталды.

Жауынгерлік даярлық бойынша сабақ жүргізу, қарауылдық және тәуліктік кезекшілік қызметін жүргізуге дайындық жоспарлау барысында, жоғары әскери тәртіпті орнатуда жеткен жетістіктері үшін, сонымен қатар жауынгерлік және дене даярлығында үлкен жетістіктерге жеткені, өзінің қызметтік міндеттерін жоғары деңгейде орындағаны үшін номинациялар бойынша үздіктер анықталып, осы іс-шарада мадақтамалар, бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Оқу кезеңінің қорытындысы бойынша негізгі бөлімшелер арасында бірінші орынды 1 десанттық-шабуылдау батальоны, екінші орынды 2 десанттық-шабуылдау батальоны ал үшінші орынды арнайы мақсаттағы парашюттік-десанттық батальоны жеңіп алды. Сондай-ақ, Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен салтанатты шарада өзінің қызметтік міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарған Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қызметкерлері, әскери қызметшілердің жұбайлары және ата-аналары жалпы отбасы мүшелері арнайы шақырылып, оларға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарды әскери бөлім командирі подполковник Алмас Төлегенов құттықтап, салтанатты түрде табыс етті.

Іс-шара соңы көркем өнерпаздардың патриоттық әндерімен, концерттік бағдарламамен ұласты.

Айта кетсек, Қарулы күштерінің қорытындысы бойынша 18404 әскери бөлімі үстіміздегі жылдың үздігі атанды.

Жанат СЕМБАЕВ,
Жетісу гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ КОНКУРС

СТУДЕНТЫ КОЛЛЕДЖЕЙ СОРЕВНУЮТСЯ В ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ ИДЕЯХ

В АЛМАТЫ СТУДЕНТЫ КОЛЛЕДЖЕЙ УЧАСТВУЮТ В КОНКУРСЕ «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ГРАНД ТУРНИР «Я-ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬ», КОТОРЫЙ ПРОХОДИТ С 21 НОЯБРЯ ПО 15 ДЕКАБРЯ 2023 ГОДА, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

Организаторами мероприятия выступают Департамент технического и профессионального образования Министерства просвещения РК, Управление образования г.Алматы, Национальная палата предпринимателей «Атамекен», ОЮЛ «Союз отраслевых ассоциаций и организаций профессионального образования», Алматы менеджмент университет, и Колледж Международной академии бизнеса.

«На сегодняшний день, молодежь обладает высокой креативностью, энергичностью, мобильностью и стремлением идти вперед. Палата предпринимателей уделяет особое внимание финансовой грамотности детей и молодежи, молодежному предпринимательству и его развитию. Конкурс «Я предприниматель» дает возможность амбициозной молодежи испытать свои предпринимательские способности, развивать мышление предпринимателя, учиться действовать как предприниматель. Благодаря, данному конкурсу мы выявим и увидим настоящих лидеров, будущих предпринимателей, с инновационными идеями и задумками»», – сказала эксперт отдела развития человеческого капитала Палаты предпринимателей г. Алматы Толкын Абильдаева.

По словам спикера, в деловой экономической игре участники презентуют идеи своих бизнес-проектов по направлениям: социальное предпринимательство; производство; торговля и услуги; образование; шоу бизнес и культура; туризм; экология. По каждому направлению профессиональное жюри в составе от 5 до 7 предпринимателей отбирает лучшие работы для выхода в финал.

Цели и задачи Гранд турнира:

• поддержка и развитие предпринимательской инициативы среди студентов колледжей;

• создание базы лучших бизнес-идей и проектов для их дальнейшей реализации;

• проведение конференций и учебных семинаров для студентов колледжей;

• развитие межстуденческих коммуникаций.

Условия участия:

• Студенты колледжей формируют команды по направлениям, таким как социальное предпринимательство, торговля, услуги, производство, технологическое предпринимательство, связь и информация, образование, шоу-бизнес и культура, туризм, экология.

• Для участия в Деловой экономической игре необходимо разработать бизнес-проект, представить его в виде бизнес-модели canvas и представить видео защиту.

• Дебаты проводятся в формате Zoom.

Прием заявок и работ был проведен до 20 ноября 2023 года. Итоги 1 тура (отборочный тур) прошли 25 ноября 2023 года. Публичная защита, 2 тур состоялся 1 декабря 2023 года. Подведение итогов Гранд турнира – до 15 декабря 2023 года.

Победители и руководители проектов награждаются грамотами, дипломами, благодарственными письмами и сертификатами от организаторов и партнеров мероприятия.

Ш. ХАМИТОВ.

ПЕНСИЯ

ОФОРМИТЬ ПЕНСИЮ РАНЬШЕ ВРЕМЕНИ СТАЛО ПРОЩЕ

ОФОРМЛЕНИЕ ПЕНСИОННОГО АННУИТЕТА, НАЗЫВАЕМОГО РАННЕЙ ПЕНСИЕЙ, УПРОСТИЛИ В КАЗАХСТАНЕ. ТЕПЕРЬ ДЛЯ ЭТОГО ДОСТАТОЧНО ОБРАТИТЬСЯ В СТРАХОВУЮ ОРГАНИЗАЦИЮ. О ДАЛЬНЕЙШЕМ ПРОЦЕССЕ ЧИТАЙТЕ В МАТЕРИАЛЕ NUR.KZ.

У казахстанцев есть возможность использовать свои пенсионные накопления не только для покупки жилья или оплаты лечения, но и для оформления пенсионного аннуитета, который позволяет оформить пожизненные выплаты из компании по страхованию жизни (КСЖ) на восемь лет раньше достижения традиционного пенсионного возраста.

Как рассказывают в Едином накопительном пенсионном фонде (ЕНПФ), с 1 января 2024 года будет введен новый порядок перевода денег в страховые организации по договорам пенсионного аннуитета (ДПА). Благодаря нововведению казахстанцам будет достаточно обратиться в выбранную компанию по страхованию жизни для заключения ДПА.

То есть, как раньше, подавать отдельное заявление в ЕНПФ о переводе пенсионных накоплений в КСЖ больше не нужно.

Как далее будет проходить процесс оформления пенсионного аннуитета:

- страховые организации передают данные о заключенных ДПА в Государственное кредитное бюро (ГКБ) через единую страховую базу данных;

- ГКБ передает в ЕНПФ сведения о заключенных ДПА, полученные от страховых организаций;

- ЕНПФ осуществляет сверку полученных данных и в течение 5 дней с даты получения сведений от ГКБ переводит деньги в страховые организации;

- страховая организация, получив пенсионные накопления, уведомляет своего клиента о поступившей сумме и вступлении в силу ДПА.

Таким образом, процесс оформления пенсионного аннуитета стал значительно проще в Казахстане. Однако гражданам следует самостоятельно принять решение, оформлять ДПА или нет.

У него есть как преимущества перед пенсией из ЕНПФ, так и недостатки. Так, например, деньги из страховой организации будут выплачиваться пожизненно, а из пенсионного фонда — пока не закончатся накопления. При этом деньги в ЕНПФ находятся под защитой государства от инфляции, а переведенные «страховщику» — нет.

Напомним, чтобы оформить пенсионный аннуитет, на пенсионных счетах казахстанцев должна находиться определенная сумма, и ее размер зависит от возраста вкладчика. Например, у мужчин в 55 лет на счете должно быть минимум 8 млн тенге, а у женщин в 53 года — 10,5 млн тенге. Поэтому данный страховой продукт может быть недоступным для некоторых граждан.

ЧАСОВОЙ ПОЯС

ПРЕДЛАГАЮТ УСТАНОВИТЬ ЕДИНОЕ ВРЕМЯ ПО ВСЕЙ ТЕРРИТОРИИ

СЕЙЧАС В КАЗАХСТАНЕ ПРИМЕНЯЮТСЯ ДВА ЧАСОВЫХ ПОЯСА UTC+5 И UTC+6. БОЛЬШАЯ ЧАСТЬ ТЕРРИТОРИИ (ЗА ИСКЛЮЧЕНИЕМ ЗАПАДНЫХ РЕГИОНОВ) НАХОДИТСЯ В ЗОНЕ UTC+6. ЭКСПЕРТЫ ПРЕДЛАГАЮТ ПЕРЕВЕСТИ СТРАНУ НА UTC+5. ОБ ЭТОМ ГОВОРИЛИ НА ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНОМ ЗАСЕДАНИИ МЕЖВЕДОМСТВЕННОЙ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ВОПРОСАМ ИСЧИСЛЕНИЯ ВРЕМЕНИ В КАЗАХСТАНЕ, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА МИНТОРГОВЛИ.

По мнению ученых, часовый пояс UTC+6 не соответствует естественному солнечному времени, что отрицательно влияет на биологические ритмы и здоровье человека, отмечается в сообщении.

«Этим вопросом я занимаюсь более 10 лет. Согласно научному консенсусу, для здоровья человека лучше всего использовать постоянные часовые пояса, максимально приближенные к солнечному, то есть естественному времени. С позиции научно-исследовательских институтов и моих коллег ученых, переход на единое время UTC+5 по всему Казахстану является наиболее оптимальным из всех предложенных ранее вариантов», - цитируются в сообщении слова специалиста по прикладной хронобиологии Болата Нурхожаева.

В Минздраве придерживаются аналогичной позиции.

«Большая часть населения Казахстана живет не по своему географическому часовому поясу. Группа экспертов, профессоров-физиологов в течение года изучала данный вопрос. С позиции физиологии и функционирования организма, гормонального баланса, мы придерживаемся мнения, что с переходом на часовой пояс UTC+5 мы будем просыпаться, бодрствовать и ложиться в соответствии с биологическими часами нашего организма», — сказал директор департамента науки и человеческих ресурсов Минздрава Даулет Алдынгуров.

Эксперты также отмечают, что помимо пользы здоровью установление единого часового пояса устранит временные барьеры между жителями разных регионов страны, улучшит координацию транспортных и других коммуникаций, благоприятно скажется на ведении бизнеса, а также взаимодействии государственных органов и экстренных служб.

В сообщении отмечается, что рабочая группа изучила международной опыт. В 175 странах мира установлен единый часовой пояс. Более чем в одном часовом поясе живут всего 22 государства.

По итогам заседания был подготовлен и утвержден отчет, основанный на научных доводах и заключениях, который будет направлен в соответствующие госорганы.

Рабочая группа была создана в феврале этого года в связи с неоднократными обращениями казахстанцев о переходе на наиболее благоприятный часовой пояс. В течение года ученые и эксперты изучали вопрос установления единого часового пояса на территории Казахстана.

В состав рабочей группы вошли ученые «Астрофизического института им. Ф. Г. Фесенкова», «Института генетики и физиологии», «Института географии и водной безопасности», «Института молекулярной биологии и биохимии им. М.А.Айтхожина», «Казахского научно-исследовательского института онкологии и радиологии», а также эксперты, общественные деятели, депутаты парламента РК и представители госорганов.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

КӘСІПОРЫН КӨБЕЙСЕ, КӘСІПКЕР ДЕ ТАРЫҚПАЙДЫ

КЕШЕГІ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ БОЛЫП ТҰРҒАНДА ТӘТТІ ТҮБІРДІ ӨҢДЕЙТІН ТӨРТ БІРДЕЙ ҚАНТ ЗАУЫТЫ БОЛҒАН-ДЫ. ОБЛЫСТЫҢ ЖЕР ЕМІП, ШАРУАМЕН АЙНАЛЫСҚАН ШАРУАШЫЛЫҚТАР ШИКІ ӨНІМДІ ҚАЙДА ӨТКІЗЕМІЗ ДЕП ТАРЫҚПАЙТЫН. «ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ 33 ЖЫЛ БОЛДЫ, НЕСІНЕ ЕСКІ КҮННІҢ САРЫНЫН АЙТА БЕРЕДІ» ДЕЙТІНДЕР ДЕ ТАБЫЛАР. АЛАЙДА «ЕСКІНІ ЕЛЕМЕЙ, ЖАҢАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЕКІ ТАЛАЙ» ДЕЙТІН ТӘМСІЛДІ ДЕ ҰМЫТПАҒАН ЖӨН.

Шұбар және Мұқыры ауылдарын көркейткен дала академигі, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің ауылынан шыққан 21 еңбек ері осы қызылша өндіруден рекорд жасаған болатын. Жекешелендіру дәуірі жүріп, мемлекеттік кәсіпорындардың тоқтылы қой, тонауы қалмаған уақытта кәсіпорындар банкротқа ұшырады. Ел-жұрт жерді жекешелеп алғаннан кейін өнімді өткізетін жер таппай сабылды. Бұрынғы Алакөл, Ақсу, Талдықорған, Көксу ауданындағы қант өндейтін төрт бірдей кәсіпорын жүрек соғысын тоқтатты.

Қызылшаның орнына май бұршақ егіп, жердің құнарын жоғалтып алған шаруалар ес жиып, етек жеңін жапқанша «танауын тасқа соққан балықтай» сансырады. 2014 жылға дейін қызылша өнімі Жетісуда толықтай өңделмей келді. Себеп, өнімді өңдейтін кәсіпорын жұмысы жанданбады. Іс-сапармен облысқа келген экс президент Нұрсұлтан Назарбаев жаңа әкім Амандық Ғаббасұлы Баталовты тағайындап, Алматы облысында қант қызылшасының егістік көлемін ұлғайтуды, кант шығаратын кәсіпорынның жұмысын және сүт өнімдерін өңдеуді өңір басшысына нығарлап тұрып тапсырған-ды. «Тоқпағы мықты болса, темір қазық жерге кіреді» демекші, мемлекеттен бөлінген қыруар қаржы Көксу қант зауытын заманауи техникалармен жабдықтап, өңірдің шаруаларына қызылша еккені үшін субсидия беріліп, ынталандыру жұмысы қолға алынды. Шығыстағы Алакөлден бастап, Кербұлақ ауданының қызылша еккен шаруалары жолдың шалғайлығына қарамай, Көксу ауданындағы қызылша өңдейтін кәсіпорында ұзын-сонар кезекте тұрды. Қызылшаның егістік көлемі жылдан-жылға ұлғайды. Әсіресе Алакөл, Сарқан, Ақсу аудандарының диқандары үшін өндірген өнімдерін Көксуға тасымалдау қиынға соқты, әрі жолдың шалғайлығы шаруаларды шаршатты. Тығырықтан шығудың жолы Ақсу ауданындағы талан-таражға түскен, инвесторлар бірінен кейін бірі алып, банкке кепілдікке қойылған қант зауытын іске қосу керек болды. Үкімет қол ұшын созып, инвесторлар тартылып бұл кәсіпорын да бірде істеп, бірде істемей, жұмысы толық жанданбай қалған кездер де болды. Енді міне биылдан бастап Ақсу қант зауыты, Алакөл, Сарқан, Ақсу шаруаларының тәтті түбірін өңдеп, толықтай іске қосылғаны шаруалардың көңілін жайландыруда. Жасыратын несі бар, Қазақстанда шикізат қоры мол, соны өңдейтін кәсіпорындар жоқ. Кезіндегі ірі кәсіпорындарды талан-таражға салғандар елдің экономикалық болашағын болжамады. Есесіне байып қалуды көздегендер алып өндіріс орындарын бөлшектеп саудалап жіберді. Мұны жоғары билікте бақылауға алмады. Әйтсе, трактор, ауыр машина, қыл аяғы Талдықорғандағы балалардың ойыншығын шығаратын «Арман», аяқ киім шығаратын ірі кәсіпорындар болған-ды. «Өткен өтті, кеткен кетті» деп қайта шабылып-шашылып жүріп, бұрынғы төрт қант өңдейтін зауыттың екеуін өліп-талып іске қостық-ау. Жалпы, қылша өңдеудің машақаты көп.

Әлемдегі қант өндірісінің жалпы көлемі 131 млн. тонна болса, оның ішінде қант құрағынан – 98 млн. тонна, қант қызылшасынан – 33 млн. тонна (25,2 %) шығарылады екен. Ең ірі қант құрағынан өнім өндірушілер Бразилия – 27,7 млн. тонна, Үндістан – 19,9 млн. тонна, Қытай – 9,7 млн. тонна, АҚШ – 2,2 млн. тонна. Ал, қант қызылшасынан АҚШ – 4,6 млн. тонна, Германия – 4,3 млн. тонна, Франция – 4,2 млн. тонна, Ресей – 2,3 млн. тонна, Польша – 2,0 млн. тонна, Түркия мен Украина – 1,9 млн. тонна өңдесе, Қазақстандағы тәтті түбір өндіруде республиканың ауыл шаруашылығында, оның ішінде қант қызылшасы өнеркәсібінде елеулі өзгерістер кейінгі жылдары бекем қолға алына бастады. Бұған мемлекеттің қолдауы, әрі шаруалардың кооператив құрып топтасуы, олардың заманауи техникаларды жеңілдетілген бағада несиеге алуы, инновация енгізілуі, бал тамыр өсіретін диқандарды жігерлендіруде. Бұл ел экономикасының ілгерлеуіне, әрі азық-түліктің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде стратегиялық бағыттың бірі де, бірегейі болмақ. Мақала басында кеңестік жүйені бекер еске салмағанымды айта кетелік. Мәселен, Республикада қант қызылшасын өсірген жылдары егістік алқабының ең жоғарғы көлемі 80,8 мың гектарға жетіп, орташа өнімділік әр гектарына 270 центнерді құрапты. Ауыспалы егістікті игерудің арқасында 213,5 мың гектар суармалы жер пайдаланылып, өнімділікті артырудың нәтижесінде ең жоғары көрсеткіш 1972 жылы болған екен. 73,1 мың гектардың әр гектарынан 338 центнерден өнім алынып, мемлекетке 2349,5 мың тонна қант қызылшасы өткізілген. 1976 жылы Талдықорған облысының екі ауданы: Киров қазіргі (Көксу) 5,2 мың гектардан) және Талдықорған (Ескелді) (9,2 мың гектардан) тиісінше, 366 және 375 центнер өнім алған. Нұрмолда Алдабергенов колхоз басшысы болып тұрғанда технологияның қант дәуірінде егістік алқапқа қаппен арқалап көң төгіп қызылшадан мол өнім алғанын тарихи фактілер айғақтайды. Бүгінгі қоғамда заманауи технология енгізілсе де, көзі қарақты көне көздер, Нұрмолда Алдабергеновтің қол еңбегімен жасаған рекордттық көрсеткішке жете алғанымыз жоқ деп айтып жүр. Бұл қаншалықты шынайы сөз екенін уақыт еншісіне қалдырайық. Алайда, Алакөл ауданында алып қызылша өндірген шаруашылық жайлы ақпарат құралдары жарыса жазуда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

Алакөл ауданындағы қожалықтар биыл гектарына 650 центнерден өнім алғанын, тіпті жекелеген шаруалардың бірінде тәтті түбірдің салмағы 9 килоға дейін тартқанын айтуда. Ауданның Көлбай ауылында «Алижан» шаруа қожалығы көктемнің басында 4,5 гектарға қант қызылшасын сепкен. 4,5 гектар жерден 300 тонна өнім алған шаруа қожалығы, өңірде тіркелген ең үлкен көрсеткішке қол жеткізген. Бір түбірдің 9 килоға жуық салмақ тартқанын, еселі еңбектерінің жанғанын айтқан шаруа қожалағының иесі Б. Кемелхановтың көңілі көкке өрлеп тұр. Диқан қауымы үшін ала жаздай, аптап ыстыққа күйіп, баптаған дақылдарының жемісін жегеннен артық бақыт бар ма? Жалпы, Жетісу өңірінде биыл қызылша еккен диқандардың бағы жанып тұр деуге болады. Мәселен, Панфилов ауданында дала аруы жүгерінің құны түсіп кеткенін айтып, шаруалар қобалжып отырса, қызылша өсірушілер керісінше бөріктерін аспанға лақтырып қуануда. Себеп, өндірген өнімдерін кәсіпорынға жеткізуге дейін шығындары өтеледі, әрі қызылшаның бағасы да шаруалардың көңілінен шығуда. Жетісудағы тәтті түбір өңдейтін екі кәсіпорынның бірі Көксу қант зауыты биыл 240 000 тонна, Ақсу ауданындағы кәсіпорын 90 000 мың қызылша қабылдамақ.

Қызылшаны субсидиялау тоннасына 15 мыңнан 25 мың теңгеге дейін ұлғайтылуына бюджеттен 8,4 миллиард теңге бөлінген. Оған қоса, тоннасына 15 мың теңге қант зауыттары төлейтін шаруаларды тәтті түбір өндіруге құлшындыруда.

– Бұл қант қызылшасының алқабын екі есеге, 8,5 мыңға ұлғайтуға мүмкіндік береді - дейді облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев. Биыл қант зауыттарына 330 мың тонна бал тамыр өткізсе, соның 240 мың тоннасы Көксу ауданының қант зауытына, 90 мың тоннасы Ақсу ауданының қант зауытына тиесілі болмақ. Жыл соңында, Көксу 27 мың тонна, Ақсу 15 мың тонна, бұған қоса қант құрағынан 29 мың тонна қант өңделеді деген өңір басшысы, бұл өңделетін қанттың 26 мың тоннасы Көксу қант зауытына, 3 мың тоннасы Ақсу кәсіпорнына тиесілі екенін, барлығы 71 мың тонна қант өңделетінін айтты. Дала жұмыстарын жандандыру үшін заманауи техникалармен жабдықталуы қажет. Алайда, Алакөл ауданындағы бал түбірдің 9 килограммға дейін жетуіне себепкер болған диқаншы қолында қызылшаға арналған техника жоқ екенін айтуда. Бұл бір ғана диқанның басындағы мәселе емес, Көлбай ауылындағы шаруалардың басты мәселесі. Көрші Сарқан ауданындағы шаруашылықтардың техникаларына тәуелді болып отырмыз дейді. Әрине, «кісідегінің кілті аспанда болары» сөзсіз, алдымен өз шарушылықтарының алқаптарын жинап алмай, көрші ауылға бара қоймайды.

Жалпы, Алакөл ауданында шаруа қожалығы 500 гектарға тәтті түбір еккен. Жоңғар қақпасының аузында отырған бұл аудан шалғай болса да, қант қызылшасын егіп, облыстың экономикасын көтеруге елеулі үлес қосуда. Алакөлден Ақсу ауданына дейін қызылша тасудың өзі машақат, 200 шақырым болады. Алакөлдік шаруалардың басты арманы бұрынғы «Бескөл» темір жолдың бойында арнайы қойма ашса, шикізатты Ақсуға тасымалдамай-ақ қоймаға жинаса әрі қарай зауыт өзі тасымалдап алса деген халықтың сұраныс өтініші бар. Бұл көңілге де қонымды, қазір қант зауыттарына субсидиялар жеткілікті мөлшерде бөлінуде. Егер шаруалардың бұл талап-тілегі орындалса, Алакөлдік диқандар қызылша алқабын ұлғайтуға белсене кіріскен болар еді. Екінші мәселе, жергілікті билік шаруалармен тығыз қарым-қатынас орнатудан қорқақтайды. Себеп, былтыр жүгері бағасы 125 теңге болып еді, облыстың басым шаруашылықтары жүгері егуге құлшынды. Биыл жүгері бағасы түсіп кетіп еді, шаруалар алаң күйде қалды. Бұл жерде жергілікті биліктіңде шаруа қожалықтарымен қарым-қатынасы алшақтағанын көруге болады. Мәселен, келер жылға 100 мың тонна жүгері, 100 мың тонна бидай, арпа керек соған қарай бейімделіңдер деп неге айтпайсыңдар десек, *«біз шаруалардың ішкі ісіне араласа алмаймыз, ертең олар шағымданады, біздің шағын кәсібімізге араласты, дау тудырады» - дейді. Онда әр ауылда шаруашылықтың қауымдастық төрағалары бар, солар арқылы шығыңдар деп айтып жатырмыз* – дейді Балқаш, Сарқан аудандарын басқарған экс әкім, Жетісу облыстық қоғамдық қызметінің төрағасы Ерғазы Қошанбеков. Қызылша алқабын жылдан жылға ұлғайтып отырмыз десек те, ертеңгі күні жүгері сияқты бағасы күрт түсіп кетпеу үшін үкімет бұл салаға әлі де толық қолдау көрсетуі керек. Себеп, қызылша өнімінен пайда көріп отырған кейбір шаруалардың техникасы жоқ екенін өздері айтып отыр. Биыл Сарқан ауданы бойынша 1300 гекторға қант қызылшасы себілген. Бүгінгі күнге түсім 55 105 тонна жиналып, Ақсу қант зауытына өткізілуде. Орташа өнімділігі 427 ц-ға айналуда Шаруалардың да мән-жайын түсінуге болады. Қай өнімге сұраныс бар соны егіп, мол өнім алғысы келеді. Әрі шаруашылыққа қажетті техникамен құрал-жабдықтарды жаңартуға мүдделі. Шаруалар өндірген өнімді өңдеп отырған Көксу қант зауыты биыл американдық элиталық сұрыпталған тұқымымен келісім-шартқа отырған шаруашылықтарды қамтамасыз еткен. Одан мол өнім алып отырғандарын алакөлдік диқандар айтып отыр. Тәтті түбірді егуге Қазақстанда мол мүмкіндіктер бар. Оған Жамбыл, Алматы, Жетісу облысының табиғи-климаттық жағдайлары үйлесіп тұр. Мәселен, Алматы облысының Шеңгелді, Қапшағай, Жамбыл облысының Жуалы, Қордай, Мерке, Байзақ, Жетісу облысының Ескелді, Кербұлақ, Қаратал, Көксу, Сарқан аудандары мен Талдықорған қаласының шаруалары осы дақылды егумен айналысады. Суармалы жердің әр гектарынан 400 центнерден, тәлімді жерлерден 200-250 центнерден тұрақты өнім алуға болады. Қант шығарудың негізгі көзіне айналған шикізат сұранысқа ие. Алайда, бұған дейін қазақстандық тұқым алып соны егіп, қызылша өсіріп келген шаруалар қазір кәсіпорынның өзімен тікелей келісім шартқа отырып, Американдық тұқымды пайдалануда. Панфилов ауданы «Үшкеншыған ауылындағы кәсіпкер «Қамқорлық» ЖШС-нің төрағасы Әлен Жолдасов: *– Қазір отандық өнім жолда қалды, мен бұрындары қызылшаның «Айшопан», Украина мен бірлесіп «Ялтуковская» тұқымын 7-8 гектарға егетінмін. Американдық тұқым келгелі отандық өнімнің тұқымын үш гектарға ғана егіп отырмын. Биыл Жамбыл облысы 500 гектарға алды. Біздің тұқымның бағасының бір килосы бес мың теңге, ал американдық тұқымның бағасы 50 мыңнан кем емес дейді. Сондай-ақ, жүгерінің отандық тұқымы мен айналысып отырған кәсіпкер мұнда да, Американдық, Чехословакия, Румыния тұқымы алмастырып жатқанын айтуда.* Егер отандық тұқымға сұраныс болса, оны егістік алқабын ұлғайтуға бізде зор мүмкіндік бар дейді. 2020 жылы Алматы облысы 380 центнерден өнім алса, 2021жылы қант қызылшасының егістігі 21 мың гектарға ұлғайды. Әр гектардың шығымдылығы орта есеппен 376 центнерден айналып, жалпы 250 мың тоннадан астам тәтті түбір алынған. Бір ғажабы, Қазақстанда егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты бола тұра, неге жүгері және қызылша тұқымын шетелден қыруар қаржы шығарып сатып алуға құмармыз. Неге отандық өнімнің тұқымын одан әрі жандандырмай басып тастадық деген сауал туындайды. Қазақстандағы қант қызылшасы өндірісін ғылыми жағынан қамтамасыз ететін бірден-бір мекеме болғандықтан өнім сапалы, өнімділігі жоғары әрі ауруға төзімді жаңа сорттар мен будандарды шығаруға, бастапқы және элиталық тұқым әзірлеуді өз деңгейінде жүргізіп жатқанын бұдан бұрын ғылыми-зерттеу институты мәлімдеген-ді.

– Біздің міндетіміз қант қызылшасының элиталық тұқымымен будандастырылған будандарының бастапқы компоненттерін көбейту. Мәселен, республикада жоғары репродукциялық қант қызылшасы тұқымын шығарумен бүгінгі уақытта тек Алматы облысындағы аттестаттаудан өткен екі элиталық-тұқымдық шаруашылық: «ҚазЕжӨШҒЗИ» және «Қамқорлық» ЖШС айналысады. Осы орайда «ҚазЕжӨШҒЗИ» ЖШС жылдық мөлшері 1,5 тоннадан 4,0 тоннаға дейін жететін өзіндік элиталық тұқым өндірсе, ал «Қамқорлық» ЖШС де жыл сайын отандық будан тұқымын 7-ден 10 тоннаға дейін шығарады – деген-ді.

Дүние алма кезектеніп, жүгерінің де, қызылшаның да тұқымы шетелден тасымалданып жатқаны әрине, ғылыми зерттеу институтына да оңай соқпасы белгілі. Қант бар, жүгері бар егістік алқап жылдан-жылға ұлғаюда. Ал өнімді өңдейтін кәсіпорындар саны қашан артады. Ескелдідегі, Бескөлдегі қант зауыттары қайта ашылады ма? Жаркенттегі бір ғана жүгері зауыты шаруаларды толық қамти алмауда. Көктал ауылындағы байырғы зауыт қалыпқа келе ме? Бұл уақыттың еншісіндегі мәселе?! «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» өнімді өңдейтін кәсіпорын көбейсе, кәсіпкерлер де тарықпайды. Бұл - облыстың және республиканың бюджетін арттырып, экономиканың қарқын алуына, әрі отандық өнімді экспорттауға зор мүмкіндік тудырады. Қазір базардағы, әрі сауда үйлеріндегі қант бағасы – бір қап 9000 теңге болса, килосы 395 теңге. Шикізат та, өңдеуші кәіпорын да өзімізде болғанымен қант бағасы түспей тұр.

Айтақын МҰХАМАДИ

Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 11 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.20 «Жәдігер»
06.30, 04.55 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 01.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 20.30 Т/х«Құдаша қыз»
13.10 Т/х«Құдаша қыз»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.30, 04.40 «Отандық брэнд»
14.45 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05, 03.40 «Бізбен бірге...»
17.00, 00.10 «Ашық алаң» ток-шоу
21.25 Телехикая «Алданған арман»
22.25 «1001 түн»
23.25 «Көңіл толқыны»
01.40 «Сана»

ХАБАР

05.00 Мегахит «Затерянные во льдах»
07.00 «Оян!»
10.00 «Мектеп»
10.25 «Президент Жолдауы. Агроғылым көкжиегі» арнайы репортаж
10.35 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Шерлі жүрек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Т/х «Соңғы үміт-2»
16.00, 23.30 Сериал «Без тебя»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
21.45 Т/х «Қимылдама»
22.30 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-3»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00,00.25 Т/х «Дастан»
14.00, 01.25 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Т/х «Өз үйім»
15.30 Сериал «Королева игры»
17.55Сериал «Горничная»
20.00 «Астана таймс»
22.50 «Лакшми» үнді т/х
02.10 Т/х «Айнұрдың арманы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00,04.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 Х/ф «Спасите Колю»
14.00, 02.20 Новости
14.15, 02.35 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.35 Басты жаңалықтар
19.00, 02.50 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент-3»
00.40 Сериал «Конец невинности»
01.35 «Улицы разбитых фонарей-5»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00 Т/х «Сағыныш»
10.30 «Юморина»
13.00 Мелодрама «Тому, что было-не бывать»
15.20 Т/х «Өткен күндер»
17.20 Мелодрама «Стажер»
19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.25 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Ты меня никогда не забудешь»
00.00 «Холод»
02.30 Х/ф «Магистраль»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
10.05 «Әсем әуен»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 «Әсем әуен»
12.30 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел мен жер»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 21.00 Т/х «Чукур»
10.00, 11.00 Мультсериал
11.40 «Tik-Tok» шоу
12.20 «Тайм вайн»
12.40 Кино «Охота на Санту»
15.00 Кино «Крид-2»
18.00 Х/ф «Защитник»
20.00 Информбюро
23.00 Кино «План побега-2»
01.00 «31 әзіл»
02.30, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
06.50, 13.40 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30 «Айна онлайн»
08.00, 02.30 Т/х «Бастық боламын»
09.20 Сериал «Самый лучший муж»
11.40 Х/ф «Жена не стена»
14.00, 00.40 «Қыздар-ай» ток-шоуы
15.00 «Қызықты weekend»
16.00, 23.40 Т/х «Саған сенемін»
17.00, 22.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
17.40 Сериал «Кладовая жизни»
19.50 Сериал «Триггер»
22.40 Т/х «Құзғын»
01.40 Т/х «Аяла мені»
03.10 Т/х «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Утерянное Положение филиала РГУ «Администратор судов по Алматинской области Департамента по обеспечению деятельности судов при Верховном Суде Республики Казахстан (аппарата Верховного Суда Республики Казахстан)» - Канцелярия Специализированного межрайонного административного суда Алматинской области БИН 210641036000 считать недействительным.

Сейсенбі - Вторник, 12 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 04.55 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 20.30 Т/х «Құдаша қыз»
13.10 Т/х «Құдаша қыз»
13.30 «Өмір көркем»
14.35«Киелі Қазақстан»
15.15 «Нартәуекел»
16.10 «Бізбен бірге»
17.00, 03.55 «Ашық алаң»
21.25 Телехикая «Алданған арман»
22.25 Т/х «1001 түн»
23.35, 01.50 Футбол

ХАБАР

05.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
07.00 «Оян!»
10.00 «Школа»
10.30 Мультфильм
11.40 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х «Шерлі жүрек»
14.00 «Айналайн»
15.00, 21.45 Т/х «Қимылдама»
16.00, 23.30 СериалБез тебя»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.30 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-3»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00, 00.25 Т/х «Дастан»
14.00, 01.25 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Т/х «Өз үйім»
15.30 Сериал «Королева игры»
17.55 Сериал «Горничная»
20.00 «Астана таймс»
22.50 «Лакшми» үнді т/х
02.10 Т/х «Айнұрдың арманы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00, 04.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 «Мужское/женское»
13.00, 00.40 Сериал «Конец невинности»
14.00, 02.20 Новости
14.15, 02.35 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.35 Басты жаңалықтар
19.00, 02.50 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент-3»
01.35 Сериал Улицы развитых фонарей-5»

КТК

07.05, 19.30, 04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00 Т/х «Құпия қобдиша»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.00, 00.00 «Холод»
13.00, 21.40 «Ты меня никогда не забудешь»
15.20 Т/х «Өткен күндер»
17.20 «Стажер»
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
02.30 «Тверская»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Ғасырлар сарыны»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Туынды тарихы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 20.00 Информбюро
08.00,21.0 0 Т/х«Чукур»
10.00, 11.00 Мультсериал
12.00 «Tik-Tok» шоу
12.40 «Time Vine»
12.50 Х/ф «План побега-2»
15.00 Х/ф «Защитник»
17.00 Х/ф «Полицейская история»
23.00 Х/ф «План побега-3»
01.10 «31 әзіл»
02.30, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
06.50, 13.40 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30, 02.40 «Айна онлайн»
08.00, 02.30 «Бастық боламын»
09.00, 17.40 Сериал «Кладовая жизни»
09.40 Сериал «Родительское право»
11.00,19.50 Сериал «Триггер»
14.00, 00.40 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.00, 22.40 Т/х «Құзғын»
16.00, 23.40 Т/х «Саған сенемін»
17.00, 22.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
01.40 Т/х «Аяла мені»
03.10 «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 13 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 04.55 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қиылы күндер»
12.20, 20.30 Т/х «Құдаша қыз»
13.10 Т/х «Құдаша қыз»
13.30 «Өмір көркем»
14.30 «Киелі Қазақстан»
15.15 «Нартәуекел»
16.10 «Бізбен бірге»
17.00, 03.55 «Ашық алаң»
21.25 Телехикая «Алданған арман»
22.25 «1001 түн»
23.25, 01.40 «Көңіл толқыны»
23.35, 01.50 Футбол

ХАБАР

05.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
07.00 «Оян»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.25 «Послание Президента. Энергетика»
10.35 Деректі фильм
11.05, 11.15 Мультхикая
12.00, 20.00 Т/хШерлі жүрек»
14.00 «Айнаонлайн»
15.00, 21.45 «Қимылдама»
16.00, 23.30 Сериал «Свидетельство о рождении»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.30 Сериал «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-3»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00, 00.25 Т/х «Дастан»
14.00, 01.25 Т/х«Ессіз махаббат»
15.00 Т/х «Өз үйім»
15.30 Сериал «Королева игры»
17.55Сериал «Горничная»
20.00 «Астана таймс»
22.50 «Лакшми» үнді т/х
02.10 Т/х «Қорықшы»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.55 «Тамаша сити»
07.00, 03.10 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 Мужское/женское
13.00, 00.40 Сериал «Конец невинности»
14.00, 01.35 Новости
14.15, 01.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.45 Басты жаңалықтар
19.00, 02.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент-3»

КТК

07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00 Т/х «Құпия қобдиша»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00, 02.05 «Было дело»
11.00, 00.00 Детектив «Холод»
13.00, 21.40 «Ты меня никогда не забудешь»
15.20 Т/х «Өткен күндер»
17.20 «Стажер»
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
02.30 «Тверская»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ғасырлар сарыны»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 21.00 Т/х«Чукур»
10.00, 11.00 Мультсериал
11.20 «Tik-Tok» шоу
12.00 Х/ф «План побега-3»
14.00 Х/ф «Новая полицейская история»
17.00 Х/ф «Годзилла»
23.00 Х/ф «Хороший, плохой коп»
01.20 «31 әзіл»
02.40, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
06.50, 13.40 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30, 02.40 «Айна онлайн»
08.00, 02.30 «Бастық боламын»
09.00, 17.40 Сериал «Кладовая жизни»
11.10, 19.50 Сериал «Триггер»
14.00, 00.40 «Қыздар-ай»
15.00, 22.40 Т/х «Құзғын»
16.00,23.40 Т/х «Саған сенемін»
17.00, 22.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
01.40Т/х «Аяла мені»
03.10 Т/х «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАНЫМ

СЫНАҚТА СЫНБА!

БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛЫМДАҒЫ ТӘЖІРИБЕМДЕ БАЙҚАҒАН БІР ДҮНИЕМ, БІЗДЕ СЫНАҚТЫ АЛЛАНЫҢ ЖАЗАСЫ НЕМЕСЕ АЗАБЫ РЕТІНДЕ ТҮСІНІП, ЖАМАНДЫҚ РЕТІНДЕ КӨРЕДІ ЕКЕН. ЕНДЕШЕ, СЫНАҚ ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОНЫ КІМ ҚАЛАЙ ТҮСІНІП ЖҮР, ОСЫҒАН ТОҚТАЛСАМ.

Сынақ – бір сөзбен айтқанда, ол адамзатқа Алла Тағала тарапынан бекітілген бір өлшем, яғни қазіргі тілмен айтар болсақ, сынақ – Алла Тағаланың пендесіне беретін ең мықты техникасы. Түсіндіре кетейін, мәселен, адам мен адам арасында жүретін кез келген жамандық, бұл сынақ емес. Бұл олардың адамзат деген ұлы аттарына келетін үлкен-кішілі сын, қай-қайсысына болмасын. Егер ар-ұяттары жоғары болса, бірін-бірі кешіреді, төмен болса, бір-бірінен үзіледі. Ал, адам мен Алланың арасында жамандық жүреді ме? Қалай ойлайсыздар, ол сын ба, әлде сынақ па?

Құран Кәрімнің «Әнкабут» сүресінде: ***«Адамдар, сірә, «Иман айтық» (болды), енді ешқандай сыналмай, жайымызша жүре береміз деп ойлай ма екен?»*** дейді. Яғни Алла бар, мойындаймын, Оған сенемін, Ол жүрегімде деп құр тілмен иман келтіріп, бірақ Алланың емес, өз білгенімен өмір сүремін десе, қатты қателеседі. Ниет дұрыс, бірақ сол ниетке амалы сай болмаса, бұл сынақтың алғашқы баспалдағы дей берсін. Осы жерде мынаны ескеру керек, басқа түскен немесе өзі тілеп алған сынаққа сынбаймын десе де, тіпті сүрінбей өтсе де, Алла Тағала Өзінің Ұлылығын бәрібір дәлелдейді. Оған еш күмән болмасын. Ал сынақта сынып кетсе, онда Аллаға өзінің кім екенін дәлелдегені. Ешбір адам бұл өмірден сынақсыз өтпейді. Кез келген адамның сын сағаты тағдырына жазылады әрі одан ерте ме, кеш пе өтеді. Тек сынақтың үлкені немесе кішісі адамның мақсатына қарай, ұзақтығы немесе қысқалығы жауапкершілігіне қарай яғни пейілге қарай болады. Аталарымыздың *«Ә Құдай, байлығымды алсаң да, пейілімді алма»* деген ұлағаты осыдан келіп шығады. Дегенмен, сынаққа апаратын қысқаша үш жағдайға тоқталып өтейін.

Біріншіден, Алла мен адам арасында келісім бұзылған жағдайда яғни, адам өзінің пейілі, тілі және іс-әрекетімен яғни бір сөзбен айтқанда күнә жасап, сынаққа өзі барып түспесе, Алла оған бірінші болып жамандық жібермейді. Себебі, Алла – мейірімділіктің патшасы. Пендесін жақсы көреді және жақсы біледі, Оған күнәсі де белгілі, сонда да күш-қуатын кемітпестен, қайрат-жігерін алып қоймай, ойлануға, тәубеге келуіне уақыт береді. Яғни, бұл өз қолыңмен істегенді өз мойныңмен көтер деген белгі.

Екіншіден, кімде-кім жүрек қалауын яғни мейлі күйеу, әйел, бала-шаға, әке-шеше, ата-ене болсын немесе бір нәрсені, мейлі білім, дүние, мал-мүлік, байлық болсын, Алла Тағаладан жоғары қойған жағдайда, тура сол қалауымен сыналады. Яғни біреуді тым қатты жақсы көру, оның жолына өле берілу немесе бір нәрсені қатты жек көру, алыстау да сынаққа апаратын жол. Маған қайырылған кісілердің ішінде есімде қалғаны, *«Мен өтірікті, сатқындықты, жалған уәде беретін адамдарды иттің етінен жек көремін. Бірақ Құдайдың құдіреті, алдымнан сондай адамдар шыға береді, кезіге беремін»* дейді. Сол сияқты, екінші бір адам айтады *«Мешітті жанымнан бетер жақсы көрдім, әрбір бұрышын таңға дейін сағынатынмын, күн-түн демей тазалығына мұқият болдым. Алайда, жұмысымнан еріксіз кеткен кезде, мешітті Алладан бетер жақсы көріп, жоғары санағанымды түсіндім»* дейді. Сондықтан, мынаны ұғынайық. Алланы біз ұмытқанмен, бізді Алла еш ұмытпайды, әрі өзін ешқашан ұмыттырмайды. Мейлі күйеуді, тоқалды, дүниені, білімді қуаласын, айналып келгенде Аллаға келіп тіреледі. Себебі, «Адамнан сұрағанның көзі шығады, Алладан сұрағанның бүйірі шығады» дейтін ғасырлар бойына дәлелденген сөз бар.

Үшінші жағдайда, Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың: **«Алла кімге жақсылық қаласа, оны сынайды»** деген хадисін алайық. Өмірде *«Жан адам баласына тигізген зияным жоқ, ниетім түзу, бірақ басымнан сынақ кетпей қойды»* дейтін жандарды кезіктірген шығармыз. Мен дәл сол адамнан «Пейіліңіз шынымен дұрыс па, Алланың қай парызы орындалды, не болмаса қай тыйымына тоқтадыңыз» деп сұрар едім. Расымен де, жоғарыда «Әнкабут» сүресінде айтылғандай, Аллаға иман келтіргенмен, қалауына көнбесе, бұл әлсіздігіне қарамастан, Оның қалауына таласуы. Біліңіздер, асқан байқуатты, дүйім елге сыйлы, атағы жер жарған абыройлы болса да, Алладан алпауыт сынақ келсе, адам жалғыз қалады. Бәрі теріс айналады, бәрі қашады, тіпті әйелі мен баласына да жақпай қалады. Адамға жақсыдан жаманға өту өте тез, ал жаманнан жақсыға өту тез де емес, оңай да емес, әйтсе пендесін Алла сынар ма еді. Сондықтан, Алланың сынағы – адамның алар сабағы!

Сынақтан қалай өтеміз, мұндай жағдайда пенде не істеуі керек?

Біріншіден, мынаны жақсылап ұғынайық, сынақтан ешкім қашып құтылған емес, «Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі». Сондықтан, адам есін жиып, келешек өмірін ойлап, саналы түрде сынаққа қорықпай қарауы керек. Яғни сынақты қабылдауы керек.

Екіншіден, Жаратушының барлық жаратылыстары – Оның әскерлері. Мәселен, бір күн делік немесе бірнеше күн далада жел тұрмай қалса, ауаны тымырсық басады, шөлден көзімізді аша алмай қаламыз. Немесе шөлімізді басқан, қажетімізге жараған судың өзі азайып кетсе, қуаңшылық басталады. Ал көбейіп кетсе, апат пен өлім. Бұл жалпы адамзатқа берілетін сынақ емей не? Сол сияқты, Алла Тағаланың әскерлерінің ішіндегі ең күштілері – ол от. Ал, сол отты су өшіреді. Ол да Жаратқанның үлкен құдіретті әскері. Сол құдіретті суды бұлт көтеріп жүреді. Енді бұлтты күшті дейін десең, оны жел айдап әкетеді. Ал желді күшті дейін десең, оны таулар тоқтатып қояды. Тауды адамның күші бұзады, реттейді, тіпті қажетіне пайдаланады. Енді адамды күшті дейін десең, оны ұйқы тоқтатады. Ал, ұйқыны не кетіреді, уайым мен қайғы. Ал, уайым мен қайғыны не кетіреді, зікір емдейді екен. Сонда, адамзаттың ең күшті құралының бірі – ол зікір. Яғни Алланы ұлықтау. Ендеше, Алламен дос болып, сынағына түскіміз келмесе, түссек те, жеңіл болуын қаласақ, тіліміз зікірден құрғамасын. СубханАлла, Әлхамдүлиллә, Аллаһу Әкбар, Астағфирулла, Лә иләһә илалла деп санамай сансыз айтсақ, бұл Алланы қуантқанымыз. Ал, қалған уақытта осы сөздерді қазақ тілінде Аллаға мақтау, Алла пәк, Аллаға шүкір, Алла ұлық, Алланың қалауы, Алла кешіре гөр, Алладан басқа Тәңір жоқ, Алла қаласа, бұйыртса деп айтуымызға әбден болады.

Үшіншіден, дүние төңкеріліп кетсе де, сабыр түбі – сары алтын. Сабырлық сынақты жеңілдетеді, сауапты еселетеді. Яғни Алла алдындағы дәреже бір сатыға көтеріледі, егер сабыр етсе ғана! Ал, уайымға беріліп немесе қайғыдан қан жұтып, байбаламға салып, құрдымға кету, биіктен секіру не болмаса өзін-өзі тастап жіберу – бұл өмірді құрту, өнбейтін іс, сынақты ауырлату, денсаулықты нашарлату. Сондықтан, қабырға қайыспас үшін, сағы сынбас үшін, сынаққа берілмес үшін, сынақты жүрекпен таразылау керек. Яғни, Алла Тағала сынақты не үшін жіберді, қай жерден қателік кетті, қандай амал-әрекеттер керек деген сияқты түйіндерді шешу үшін, салқын ой мен ақыл, сабырлы шешім шығаруы тиіс.

Төртіншіден, шешімді ортаға салу. Ер адам болса қабырғасымен яғни күйеуі әйелімен немесе әйелі күйеуімен, болмаса әке-ана, бауырларымен кеңесіп, сынағын жеңілдету. Ал, үлкен қиындықтарда ағайынның басын біріктіргені тіптен жақсы. Маңайына туыс-жұрағатын, жанашыр жақын дос-жарандарын жинап, қайғысымен бөліссе, «көп түкірсе, көл болар» демекші, сынағын бірге көтерісетіндер міндетті түрде ортадан табылады, ең болмағанда уайым-қайғысы азаяды. Ер жігіттің аузында Алласы, жан-жағында ағайыны болса, ешқашан сынақта жалғыз қалмайды, осыны ескерген жөн.

Бесіншіден, еңсені қандай да бір ауыр сынақ басса да, мына әлемді билеп тұрған құдіреті күшті жалғыз Алла ғана екенін ұмытпау. Сол құдіретке жүзді бұру, қателік-күнәсі үшін кешірім сұрау, құлшылыққа келу, намазға тұру, сәждеге бару, қолды жаю, дұғатілекпен жалбарыну, тәубеге келу, Аллаға уәде, өзіне сөз беру, болашағына үміт жалғау. Құдайсыз өмірдің нәтижесін көрді, енді Құдайы бар өмірді бастауы керек. Бұл адаммен емес, әлемдердің Раббысы болған Жаратушы Алламен байланысқа шығу. Мұндай сынақтардан небір-небір «Менмін» дегендер, атағы жер жарған патшалар, аты шулы батырлар, дәулеті тасыған байқуаттылар да өткен. Керек десеңіздер, кедей де, кепшік те, көзі көрмейтін соқыр да, тілі жоқ мылқау да өткен. Бәрінің соңғы ойы Алла, сөзі Құдай болған. Өзін-өзі іштей кеміріп жей бергеннен өмірді өзгертпейді. Қиындыққа тіке қарау – кім екенін дәлелдеу. Сондықтан, мен айтқан болар едім, біз бар болғаны әлсіз пендеміз. Қанша жерден мықтымыз десек те, күн ысыса, көлге жүгіреміз, күн суыса, үйге жүгіреміз. Сол көл мен үйдің арасында ара кідік күнге қақталып, сынаққа қыздырынып тұрғанымыз жөн. Өйткені, рухани әлсіздігімізді, жүректегі иманымызды шыңдайтын дәл осы сынақ. Сынақ өмірімізге сабақ, рухымызға тәрбие, өзімізге пайда, жанымызға ем, жүрегімізге тәубе, бағытымызға тура жол. Егер Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан «Сынақ деген не?» деп, сұраса: **«Мұсылманға не кездіксе де, мейлі ұзақ ауру, мазасыздану, қайғы, қолайсыздық, керек десеңіз тікенектің шаншығаны болсын, Алла Тағала ол үшін міндетті түрде күнәларінің бірін кешіреді. Бұл өмір - адамдардың сабырлығы мен төзімділігін ашатын қиындықтардан тұратын сынақтан басқа ештеңе емес. Сынақтар әртүрлі болады: кедейлік, ауру, өмір сүрудің қауіпті ортасы, жақындарынан айырылу және тағы басқа» –** деген болар еді. Ал, кемеңгер Абай атамыз:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз – деп жауап берер еді. Ал, бүгінде сынақ деген жаза емес, ол – ұлы иман. Сынақ деген азап емес, ол – күш-жігер. Сынақ деген сындыру емес, ол – ес жию. Сынақ деген қинау емес, ол – сабыр ету. Сынақ деген үрей емес, ол – шығар жол, сынақ деген ғалымдарға – шамшырақ, Алла жолындағыларға – ескерту, мүміндерге – тура жол, ақыретті ұмытқандарға – өлім хабаршысы. Тағдырға қарсы шықпайық, шықсақ мықты болайық!

Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ
«Ырыскелді қажы» мешітінің
бас имамы, діントанушы.

БАЙҚАУ

АЗАТТЫҚ ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМІЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 32 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ 12 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА «ҮЗДІК КОМАНДИР» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТТІ.

Байқауға мектептің 12 сыныптардың взвод және бөлімше командирлері қатысып бақтарын сынады.
Байқау бес кезең бойынша өткізілді.

Байқау қорытындысы бойынша: «Үздік командир – 2023» атағына 12 «А» сыныбының оқушысы Абылай Касенов ие болса, бірінші орынды 12 «В» сыныбының оқушысы Мадина Түркебай жеңіп алды. Ал, екінші және үшінші орынды 12 «D» сыныбының оқушылары Абай Пусурманов және Алексей Тен қанағат тұтты. Номинация иегерлері және «Үздік командир – 2023» атағына ие болған оқушы мен жүлделі орын алған оқушылар сыйлық сертификаттарымен және мектеп директорының дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

Еламан САЙЛАУОВ,
Жетісу гарнизоны баспасөз
қызметінің сержанты.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Қоржын көтерген арт



Сол бір іс есіме түссе, күні қазір де беймаза күйге түсіп, қызара қаламын. Адам өз өміріндегі әлдеқалай кездестірген ақымақтығын еске түсіргенде, ар-ұжданы алдында азаптанып, көңілі жүдей береді екен. Ұят пен өкініш осылай үздіксіз осқылайтын болса, көңіл күйден көтерем боларым хақ. «Көңілдің кірін айтса, көйлектің кірін жуса кетеді» дейді екен бұрынғылар. Көңілімде қалған сол тұманды ашып айтсам ғана көкірегім кеңіп қалатындай бола беремін.

Соңғы жылғы сынаудан үйге сүлкінім түсіп, сүмірейіп қайттым. Сүмірейміп қайтемін, жоғары мектепке ұдайы үш жыл қатарынан емтихан тапсырып өте алмадым. Әкем сабырлы кісі еді, тіс жарып, тіл қатпады. Алғашқы жылдарда «Оқасы жоқ, келергі сынауға дейін мұқият дайындалсаң, сөзсіз өтесің» дейтін мені жебей түсіп. Осы жолы әкем еріншектің ертеңі секілді көп қайталанған үміткер сынаудан күдерін үзіп, жалығып қалса керек, үндемеді. Шешені қойсаңшы, шешем абыржып, әкем мен менің қабағыма кезек-кезек жалтақтаумен жүр. Іштен тынған үнсіз тыныштықты бірнеше күннен кейін дастархан үстінде шешем бұзды.

– Баланы жасытпай, бір амалдасаңшы, қолыңнан келіп тұрғанда, – деп әкеме қиыла қарады да, – осы баладан басқа кімің бар сенің, – деп сөзін сабақтады. Менің қадірімді көтермелеп жатыр. Әкем сабырлы қалпын сақтап, шайды сораптай тартып, ой үстінде отыр. Жалғыз ұлын жақсы оқытып, айтулы азамат етіп шығаруды армандаған болар, сірә, сондағы сұрым мынау, кірерге жер қатты. Мелшиіп мен отырмын.

Әйтсе де, шешемнің талабы нақты әрекетке ұласты. Аудандық парткомның үгіт бөлімі бастығының баласына қызметке орналасу қиын болсын ба, тәйірі, төрт айдың ішінде «толымды шофер» деген куәлік алып, сол мекеменің жеңіл машинасының бірінің рөліне жармастым. Бұл іс алғашқы абыржудан айықтырып, көңіліме әжептәуір алғау болды. Әкем қадағалап, қатаң ұстап жүр. Шешемнің қуанышында шек жоқ. Екеуміз алдыңғы күні ауылдағы нағашыларыма барып қайттық. Несін айтасың, ақ жазықты әй-шайға келтірмей алқымдай салып, кемердегі көп ауылға алқына жеттік. Асыр салған ауыл балаларының қоршауымен машинадан түсіп, үлкендермен амандасып, үйге беттедік. Жиендерінің желмаяны құлақтап, құйындай құйғытып жүргеніне бәрі-ақ таңданып жатыр. Менің салауатым осы жолы, Ай шарына алғаш шыққан Нил Армстронгтан бір кем болмады. Сәукеннің кешегі сынаудан өте алмай жүрген сандалбай баласы ауылды дүрілдетіп-ақ қайтты.

Іңірде ішкі үйде газет оқып отырғам, ауыз үйде шешем әкеме алдыңғы күнгі ауыл сапарын әңгімелеп жатқан. Әкем жақамады білем:

– Мәрияш-ау! Баланың шофер болғанына сонша қуанып шала тамтығың қалды-ау, байқұс! Шофер болу қаншалық іс дейсің? Өнеркәсібі дамыған озық елдерде шоферлікті кәсіп демейді. Біздегі ауыл адамдары ат-көлікті қалай талғаусыз міне салса, олар да солай кез келгені жүргізе береді. Біздің елде де бір мезгілден кейін шоферлік айтулы кәсіп болудан қалады. Баланы босқа әспенсітпей, адам болар жағын ойласаңшы, – деді шешеме.

Даусында жазғырған сыңай бар. Шоферліктің салауатымен мен де шарықтай бастағанмын. Дегенмен, әкемнің айтқаны орынды. Бұлтартпайтын дәлелмен айтып отыр. Мен оқып отырған газетімді көтеріп ауыз үйге шығып, газеттегі «Халықтың қалаулы шофері – Қапан» деген очерк басылған бетін нұсқап, әкеме ұстата қойдым. Қапан өзінің шоферлікпен шұғылданған қырық жылдық өмірінде қызметті қажырлылықпен істеп, сан мың шақырым жолды шырғалаңсыз, сәтті басып өтіпті. Ершімді еңбегінің арқасында өлкеге дәрежелі озат болыпты. Қадірлі қарттың алпыс жасқа келуін құттықтау байланысымен жазылған очерк екен.

Әкем очеркті оқып болып маған барлай қарады. Мен әкеме:

– Шоферлік жөнінде жаңағы айтқаныңыз орынды, – дей келіп, – егер мен былай істесемші, – деп сөз бастадым да, Қапанның өнегелі істерін өзіме үлгі етіп, сөйледім дейсің келіп. Әкем де көңілденіп құптап отыр, қарғыс атқыр, сынаудың кірбіңінен бері әкемді қуантқаным, сірә да, осы болар.

Айтқаныңды орындау – адамдық қасиет. Қапандай қалаулы шофер болуға буынымды бекітіп, ізденуім керек. Адам дегеннің кейде асқақтап, адасатыны болады. Осындай кесепатты кезіктірмеу үшін Аяз би де жыртық тымағы мен жаман тонын ордасының маңдайшасына шегелеп қойған екен. Мен де осы очерк басылған газетті шағын қызмет сөмкеме салып, сақтай бастадым. Күнделікті қызмет бабымен істелген жұмыс, соған сай кесілген талон, дәуекіметтерімді алып-салғанда, газет көз алдымда тұрады. Міне, бұл – мен үлгі еткен Қапанның өзі болмаса да, ізгі істері жазылған өнегелі сөзі деген сөз. Қалайда енді әкеме айтқанымнан айнымаспын-ау!

* * *

Шофер болып шапқылағаныма алты ай болды. Қызмет қолайлылығын айт, өр жақта өлке, ортада облыс, аяқтағанда аймақ, төменде ауданның түкпір-түкпіріне әлденеше барып қайттым. Ыңғай «қасқа мен жайсаңды» тасимын. Барған жерде мені олардан бір кем көрмейді. Қонағуарлықпен құрақ ұшады да тұрады. Құрбы-құрдастарымның ортасында да атақ-абыройлы бола бастадым. Ауыл арасында атпен келе жатқаныңда алды-артыңды орап, қалмайтын қарлығаштар болушы еді. Кешегі сынаудан сүрініп жүргенде сырт айланып, қарамай кететін қыздар сол қарлығаштар секілді төңіректей беретінді тапты. «Қайсың менің қарлығашым боларсың, қулар» деймін ішімнен соларға қарап…

Орталауда бірге оқыған Қалқаш деген сабақтасым болушы еді. Толықсызды бітіргеннен соң техникумға түскен. Қазір қалалық бастауыштың мұғалимасы. Талай той-тамашада бірге болдық. Музыканың ойнақы үніне сәйкесіп, сәнді де қағілез қимылымен биге түскенде, бар жанды тамсандырып-ақ тастайтын сол Қалқаш менің қарлығашым секілдене береді. Көз алдымнан кетпей, тынышымды кетірген сол әдемі қарлығашымды қолға қондырдым-ау, әйтеуір.

Бәрі де Қалқаштың қалауы, машинам ертелі-кеш қаланың ол шеті мен бұл шетін жиі-жиі кезіп жүрді. Соның салдарынан қожалық бастығы Бурабайдан сын да естідім. Сынды қайтейін, Қалқаштың қалауынан бас тартуға болар ма? Қалқаш кеше де келіп қолқа салған. Соның орайын келтіру қиынға соғып тұр. Сонау Сәлімнің түбегінде отырған ауылда бір таныс қыздың тойы болмақшы екен, «осы сенбі солай барып келейікші» деген қиылып. Қырық шақырым қиырға барып қонып, ертесі қайта оралу – оңай-оспақ іс емес. Басшылардың біреуіне бас изетіп алмаса, сөз шығары шүбәсіз. Бурабайды көндіруден бұлт жуық. Сасқанда біздің Сәукеңді сыртынан сатып, сенбінің кеші солай бет алдық. Сегіз адамдық орында өріктей қыз-жігіттен онымыз келеміз.

Екінті мен ақшам арасында айқұлақтана жеткен біздің топқа той ағынан ақтарылды. Ауданнан келген айбатпен дүрілдетіп, тойды өткіздік те ертесі түс ауа аттандық.

Бұл тамыз айының тамылжыған кезі. Жол жағасындағы тоғайға құмарта қараған құрбылардың қалауымен тоғай шетіндегі шағын алаңқайға бұрылып, машинадан түстік. Машинадан түсе сала қыздар

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

қырдың қызғалдағын теріп кетті. Жігіттер машинадағы үналғыны іске қосып, биге басудың қамында. Ойнақы музыка ойымызды тез ортақтастырды. Машинаның қасына топталып, жас шөпті жапыра, нілін шығарып, таптадық-ай келіп. Күн еңкейіп барады. Құрбыларым биден қожырай бастады. Мен салқын суға беті-қолымды жуғым келіп, қасымыздағы өзенге қарай аяңдадым. Қайтып келсем, бұлар дастархан орнына жайылған газеттің үстіндегі тоңазыған етті, «Алыңдар! Түздің тамағы тәтті болады», – деп қарбытып жатыр. Менің де тәбетім тартып барады. Торғайбас етіп туралған еттен алып, асай бастадым. Ет те желініп болды. Енді қайтуға қамдандық. Қалқаш келіп әлгіндегі газетті айырып-айырып, «қағаз қолдың майын жақсы кетіреді», деп үлестіріп жатыр. Қарасам, өзімнің баяғыдағы очерк басылған болашақ үмітімнің куәсі болған қастерлі газетім, Қалқаш пен құрбылар қолында қолжаулық болып, уқаланып, түте-түтесі шықты. Сонда да сыр бермедім. Қалқаштан немді аяйын, өзіме осылай жұбату айтып, құрбыларды алып, ауданға қайтып кеттім.

«Туған ай – тураған ет» дегендей, әй-шәй дегенше тағы да алты ай өте шықты. Бүгін әдейі сұранып, алыс жолға шықтым. Қатулы қыс ашулы аязымен кәрленіп, қабағын түйіп тұр. Ақтүктектің астында қалған ақ жазық қысқы көрпесін қымтанып, жылмиып жатыр. Сонау Керкүнгейдегі қысқы отарда отырған малшы ауылға аймақтан келе жатқан мына екі тілшіні жеткізсем болды. Бұлар одан арғы жұмысын атпен бітіреді, қайтардағы ерік өзімде. Аласұраған аязды күндерде әдейі сұранып, алысқа шығуымның өзіндік есебі бар. Тағы сол Қалқаш үшін. Қалқаш қысқы демалысқа шығып, Керкүнгейдегі туысының үйіне кеткен. Сонда да ретін тауып өзім жеткізгенмін. Он күннің тұспалында қайтатынын айтқан. Қайта алып келу де менің бұлжымас борышым. Бүгін он екі күн дегенде орайы әрең келді. Оның үстіне үлгілі шофер болу үшін алыс жолға, суыққа қарамай сұранып бару қажет қой. «Екі алып биге шығу» деген міне осы. Өмір өзі – үлкен мектеп, үңілсең бәрін үйретеді екен.

Қалқаш та тордағы торғайдай тыпыршулы екен. Беткейдің етегіндегі өзекшеге ілінгенімде-ақ үйден жүгіре шығып, қайта кіріп кетті. Өзектің тар, тастақ жолында балаша талпынып, ауыл тұсына зорға таядым. Олар да қамданып болған екен. Арасында Қалқаш бар үш-төрт әйел күнгейді керлеп түсіп келе жатыр. Мен де машинамның мойынын кері қарай бұрдым. Келгендермен аман-есендікті ернімнің ұшымен атқардым. Қалқашқа да көлденең көзден жасқанып, салқынқандылық көрсетіп тұрмын. Қайтуға қамданып май тетігін баса бергенімде:

– Қарағым, менің мына келінім ауданға бармақшы еді, ала кетші, – деді кекселеу кемпір қасындағы келінін көрсетіп. Қалқашпен оңаша қайту қандай жақсы, әлі талай айтылмаған сөз, шертілмеген сырларымыз бар. Соны ойлаған мен:

– Қызметпен келгеміз, жолда қайтатын адамдарымыз бар, бос орын жоқ! Болмайды, – деп күшейген моторды хотқа қосып, қозғала бердім.

Күдірдің ойдым-ойдым кер жолында рөлде сақ болмасаң, оңбайсың. Екі қолымның емендей тегеурінімен тарбаңданған рөлге тастай қатып, әрең келемін. Құрып қалғыр, жол тынбай қақпақылдап, қасымдағы Қалқаштың бұрымы бұлғақтап, тынышы кетіп отыр. Енді, міне, жол да жақсарады. Екі айналмадан соң орман мекемесінің өр жағынан тас жолға қосыламыз. Тас жолда қағаберіс жоқ, жанға жайлы. Рөлді бір қолдың ұшымен-ақ игеруге болады. Одан ары ауданға барғанша қаншалық масайрасақ та жетіп жатыр.

Орманға да келдік. «Қан базар» аталатын қыстақтың ортаңғы көшесінен өте бергенімізде қайырма жағалы қалың пальто киген қатынас сақшысы қолындағы жалаушасын жалт еткізіп, тоқтауға әмір етті. Тоқтамай болмайды. Қырына алса, қырғидай тиеді бұлар. Мен еріксіз тоқтадым. Кәбинке есігінен еңкейген еңгезердей сақшы екеумізге қарап жымиды да:

– Анау ақсақалды ауданға ала кетіңдер, – деп артына бұрылып, қолын бұлғады.

Қарамай кететін Керкүнгейдің кемпірі емес, бұлардың әмірін алмай болмайды. Үнсіз тұнжырап мен отырмын. Қолында көтерген қоржыны бар, тозған түлкі тымақты, кәртеңдеу адам көңілсіздіктің үстіне бір құшақ аязды ала кірді. Менің қатулы қабағым қаперіне келер емес. «Базорың* боп тұр екен, балам», – дейді қас-кірпігіне қонған қырауды қағып, сақалын сүртіп, арт жақтағы орындарға жайланып отырып жатып. Сақшымен қоштасып, қозғала бастадым.

Мына сары тымақтың сап ете түскеніне сайтаным ұстап келеді. Кірлеген көк етігі мен Күдірдің қырқасындай білем-білем болып қатпарланған қоңыр шалбары құбыжық секілденіп көрінді көзіме. Үш адамдық ұзын орында күптей болып көлбеп жатыр. «Тумысыңда отырып көрмеген шығарсың, мұндай жайлы орынға» деймін ішімнен ызаланып. «Базорың боп тұр екен» деп ділмәрсуын өзінің. Ежелден тілімізде «парымен», «бір құр» деген сөздер бола тұрса да, иегін имейтіп «ит-ау» деп кісіліктене қалатын кемпірлер болушы еді. Дәу де болса мынау да соның бірі шығар…».

Кемерге де көзкөрім жер қалды. Онан ары ақ жазық басталады. Қынжылғанын қабағынан танытып Қалқаш отыр. Қыр желкеңде қыдиып құбыжық отырғанда, қайтып қыз көңілін аулап масайрауға болар. Қайта-қайта қарағыштап, мазасызданып мен келемін. Жайлы орында жантайып, мызғып алғысы келген болар, құбыжық шал шөге түсіп, көк ішігінің жағасын қаусырынып, беті-аузын көлегейлеп жатыр. Оның мызғып алуына қояр мен бе? Ұйқысының ойран-топырын шығару үшін қасақана үналғыны аштым. Диско музыкасының ойнақы үнін жастар ұнатқанымен, «құлақ-миымды жейді» деп шал-шауқанның шырылдайтыны бар. Ал мынау өлі сүйек пе, қалай? Жантайған қалпынан қозғалып та қоймады. Музыка бізді өзіне үйіріп әкетті. Бағана Күдірдің қиқалақ жолы сілкілесе, енді музыкаға елітіп өзіміз селкілдеп келеміз.

«Жаныңды жадырататын да рөл, жайрататын да рөл» дейтін бізде бір көне шофер рөлге отырғанда қырағы болуды дәріптеп. Аңғармай қалыппын, жолдың өркеш-өркеш ойылған жерін жақын келгенде бір-ақ көріп, қарқынды тежегенімше, көк темірде ес бола ма, қойды да кетті. Әлгіндегі селкілдеу, селкілдеу ме? Шекем төбе темірге екі тиіп, екі қайтып түстім. Жолдың ернеуінен енді ұшуға айналған машинаны зорға оңап, ес жиғанымша, мотор өшіп, машина тоқтай қалды. Қорыққанымнан қалшылдап кетіппін. Қалқашта да өң жоқ. Құбыжық шал басын көтеріп, үдірейе қарап жатыр. Әйтеуір, жаһаннамның жанына барып қайттық.

Маған моторды оталдыру мұң болды. «Апыр-ау!» деймін мұңайып. Әншейінде тебертеппестен гүр ететін актив моторды албасты басты-ау, сірә. Жарты сағаттай жабдынуымнан ештеңе шықпады. Күн еңкейіп, батуға таяған. Ақжазықтың кешкі аязы аласұрып, бет-ауызға аш битше сұқтанады. Мотордың лебімен мұздамай тұратын машина іші дала боп кетті. Қаланың киім киісіне дағдыланған Қалқаштың жұқа киімі жемір суыққа лыпа болмай қалшылдап барады. Мотордың ол жер, бұл жерін құлшына шұқылап мен жүрмін.

– Ток сымдарын түгендеп көрдің бе? – дейді құбыжық шал қасыма келіп. Тымағы қолында, басынан бу бұрқырап тұр.

– Түгендейтін сенің таудағы қойың ба еді? Қасқыр жеді деп тұрсың-ау, сірә! – дедім мен де қыжыртып, аяздың ашуын шалдан алып.

Біз шоферлер де ырымшыл халықпыз. Бүгінгі мына кесепатты осы құбыжық шалдан көріп тұрмын. Құбыжық шал үндемей қалды. Қалқаш түгіл қара басты жігіт өзім де қалжырай бастадым. Барған сайын мотор да суынып барады. Ебіне келмесе, енді ширек сағаттан кейін, үпілмәлік берсең де бәрібір. Мен саса бастадым. Ақжазықтың түнгі аязында үсіп өлудің үрейі састырды мені.

– Былай тұршы балам, мен де байқап көрейін, өмір бойы айтысқан әріптесім ғой, бұл жарықтық, – дейді құбыжық шалым күлмің қағып.

Мен ығысып орын босаттым. Қайбір жетіскеннен дейсің? Хал кеткеннен соң «апа» деп тұрмын. Құбыжық шал қолын созып, аурудың тамырын ұстаған дәрігердей аса бір ептілікпен ток сымдарын саусағына іліп, шерттіріп, серпімділігін байқап жатыр. Сипалап жүріп біреуін бел ортасынан соза тартып еді, сыртқы резинка қабы созылып жіңішкеріп кетіпті. Өзегіндегі металдың үзілгені бесенеден белгілі боп тұр. Бағана мен тексергенде винт бекітілген екі басын көзден кешіргем. Бұның мұндай қалтарыстан кетерін кім білген?

Бала кезімде марқұм әжем: «Қызыр деген әулие бар. Жаһан кезіп, ел аралайды. Басына күн туған жандарды жебеп, қолдайды. Қасиетті әулие болғанымен, қалай болса солай елеусіз ел арасында жүре береді. Жаман екен деп біреуді келемеждеме», – деп отыратын маған ертегі айтқан кездерінің арасында. Дәл қазір мына құбыжық шал бізге сол әжем айтқан Қызыр болып кездесті. Суықтан икемі кеткен менің сиқымды көргеннен кейін, ішігін шешіп:

– Ана бала екеуің орана тұрыңдар, әйтпесе үсіп кетесіңдер, – деді де, – Әй, балалық-ай!, – деп күбірлеп іске кірісті.

Қалшылдаған Қалқаштың жотасына көк ішікті жауып, кең мол етегінің біреуіне өзім де паналап жатырмын. Қарттың қолымен оңшалған мотор істей бастады. Қайран қалған Қалқаш екеуміз:

– Атай, атыңыз кім? Үйіңіз қайда? Не кәсіппен шұғылданасыз? – деп сұрақты жаудырып, орынға жайғасып жатырмыз. Көк ішігін киіп қаусырынған қарт:

– Атым Қапан, үйім мына орманда. Ұзақ жыл шофер болғам, қазір пенсиядамын, – деді де, – Сен бала әлгі аудандағы Қарымсақтың қызы емессің бе? – деп Қалқашқа қарады. Қалқаштың бас изеуін көрген соң:

– Бәсе, жазда біз Сәлімнің түбегінде отырғанда осы машинамен тойға бармадыңдар ма? – деп сөзін сабақтап алып, – Ал бала, енді жүрелік, – деп кавказша қойылған күмістей сақалын сипап, маған қарады. Суық сорып жансызданған екі бетімдегі үрейдің орнын ұят иелеп, екі құлағыма дейін қызарып, дуылдап кетті.

* * *

Қалқашпен отау үйдің түтінін түтеткеніме төрт жыл болды. Бірақ осы бір ұятты істі ұмыта алмай-ақ қойдық. Естен шығаруға қаншалық тырбынғанымызбен, сондағы сөдегей қылығымыз көз алдымызда тұрады да қояды. Сол істен кейін адамдық деңгейіміздің құлдырап, қай тұсқа түскенін жете түсінгендей болдық. Қазір Қалқаш қалаулы бағбан болуға талпынуда. Мен Қапан қарттың қастерлі жолының сүрлеуінен жазбаудың қамында жүрмін.

**Базор – қытайша сөз. Сегіз орындықты машина деген мағынаны білдіреді.*

Қасымхан ӘУБӘКІРҰЛЫ
qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВСТРЕЧА

ТОРГОВО-ПРОМЫШЛЕННАЯ ПАЛАТА ИРАКА ПРЕДЛОЖИЛА СОТРУДНИЧЕСТВО ПАЛАТЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ В АЛМАТЫ

СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА ПРЕДСЕДАТЕЛЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТЫ НУРСУЛТАНА ШОКАНОВА С ВРЕМЕННЫМ ПОВЕРЕННЫМ В ДЕЛАХ ПОСОЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ ИРАК ДЖАБЕРОМ НАЖМ АБДУЛЛАХ АЛЬ ТЕМИМИ. СТОРОНЫ ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ СОТРУДНИЧЕСТВА В ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ СФЕРЕ И УСТАНОВЛЕНИЕ ДЕЛОВЫХ КОНТАКТОВ, - ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

Отметим, что Посольство Ирака в Казахстане функционирует с 12 октября 2008 года. Товарооборот между странами за 2022 год составил 7,4 млн долларов. По словам представителей делегации, иракские власти проявляют интерес к привлечению на рынок Ирака казахстанских компаний и инвестиций.

Согласно данным Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК, объем торговли между Казахстаном и Ираком к концу 2019 года составил менее 3 млн долларов. В 2018 году данный показатель был на уровне 3,1 млн долларов и относился к объему экспорта.

«Ирак стремится к налаживанию многостороннего сотрудничества с Казахстаном и выражает поддержку нашим международным инициативам. Наша торговая Палата хотела бы заключить меморандум о сотрудничестве с вашей Палатой предпринимателей», – отметил Джабер Нажм Абдуллах Аль Темими.

По словам спикера, Торгово-промышленная палата Ирака также представлена во всех регионах страны, как и НПП «Атамекен».

Председатель Палаты предпринимателей города Алматы Нурсултан Шоканов выразил готовность к сотрудничеству.

«Палата предпринимателей открыта к сотрудничеству. Нашей основной задачей является всесторонняя поддержка бизнеса, защита его интересов. Безусловно, работа с инвесторами – одно из приоритетных направлений. Мы готовы обсудить реализацию совместных проектов, которые будут способствовать развитию экономики обеих стран», – подчеркнул Нурсултан Шоканов.

Спикер также рассказал об экономических возможностях города Алматы. Наряду с торговлей, оказанием услуг, промышленностью, в южной столице динамично развивается сфера туризма.

«Акимат города недавно утвердил генеральный план развития мегаполиса до 2040 года. Согласно прогнозам специалистов, население города к тому времени увеличится до 3 млн человек. Это подразумевает большие инвестиции в инфраструктуру, строительство жилых, коммерческих и социальных объектов. Безусловно, динамика социально-экономического развития открывает новые горизонты для бизнеса», – отметил глава Региональной палаты предпринимателей.

Нурсултан Шоканов добавил, что в Алматы действует ряд свободных экономическх зон, где можно запускать совместные проекты, развит хороший доступ к торговым путям Китая и Европы.

По итогам встречи стороны договорились детально обсудить дальнейшее сотрдуничество между Торговой Палатой Ирака и Национальной палатой предпринимателей «Атамекен».

Участие во встрече принимали руководство палаты предпринимателей города Алматы, Консул Посольства Республики Ирак Али Салим Джасим Аль-Рубайи, ведущий эксперт по развитию международного сотрудничества РПП г. Алматы Айнур Баспакова.

Ш. ХАМИТОВ.

МЕДИАЦИЯ

НЫНЕ ДЕЙСТВУЮЩИЙ ГПК В НОВОЙ РЕДАКЦИИ ОПРЕДЕЛИЛ СОДЕЙСТВИЕ МИРНОМУ УРЕГУЛИРОВАНИЮ СПОРА КАК ОДНУ ИЗ ЗАДАЧ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА, А ТАКЖЕ РАСШИРИЛ ВИДЫ ПРИМИРИТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР, К КОТОРЫМ, ОТНОСЯТСЯ МИРОВОЕ СОГЛАШЕНИЕ, СОГЛАШЕНИЕ ОБ УРЕГУЛИРОВАНИИ СПОРА (КОНФЛИКТА) В ПОРЯДКЕ МЕДИАЦИИ, В ТОМ ЧИСЛЕ СУДЕБНАЯ МЕДИАЦИЯ, И СОГЛАШЕНИЕ ОБ УРЕГУЛИРОВАНИИ В ПОРЯДКЕ ПАРТИСИПАТИВНОЙ ПРОЦЕДУРЫ.

ПРЕИМУЩЕСТВА МЕДИАТИВНОГО СОГЛАШЕНИЯ

В частности, в источниках указываются, что термин «медиация» происходит от латинского слова «mediare», что означает посредничать. Медиация — это новая форма альтернативного урегулирования споров с участием третьей, нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в конфликте стороны. В качестве этой стороны выступает медиатор, который помогает участникам спора или судебного разбирательства выработать определенное соглашение, при этом стороны полностью контролируют процесс принятия решения по урегулированию спора и условия его разрешения.

Также, медиация - это способ реагирования на разногласия, на конфликт. Медиация позволяет урегулировать спор таким образом, чтобы не было проигравшей стороны. Современные тенденции разрешения юридических дел и возросшее значение частноправовых механизмов урегулирования гражданских (в широком смысле) споров требует необходимость доктринальной разработки единой системы разрешения и урегулирования правовых споров, состоящей из юрисдикционной и внеюрисдикционной подсистем. В рамках данного подхода к внеюрисдикционной подсистеме следует отнести медиацию как самостоятельный способ урегулирования правовых споров, представляющий собой особым образом организованную процедуру переговоров с участием нейтрального посредника (медиатора), который содействует сторонам в обсуждении условий урегулирования правового спора и принятию взаимовыгодного решения.

Преимущества и особенности медиации заключаются в том, что медиация – неформальная и гибкая процедура; сохраняет и восстанавливает добрые отношения; экономит ресурсы сторон (деньги, время, нервы); конфиденциальность; исключает риск публичного оглашения спора; решение удовлетворяет обе стороны и выполняется добровольно; медиатор заинтересован в мирном соглашении сторон, а не в судебном процессе; свобода выбора; опора на справедливость; участие в выработке и принятии решения; согласие сторон с принятым решением; возможность выхода из процесса; время и стоимость рассмотрения и другие приемлемые выгодные условия для сторон.

Самал КАЛИМОЛДИНОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

СИТУАЦИЯ

ПЕНСИОННЫЙ ФОНД ПРЕДУПРЕДИЛ О МОШЕННИКАХ

О «Единый накопительный пенсионный фонд» предупредил казахстанцев о том, что в последнее время участились случаи рассылки мошенниками недостоверной информации, передаёт BaigeNews.kz.

Как сообщает ЕНПФ, в социальных сетях и на платформах онлайн-объявлений мошенники рассылают предложения об оказании посреднических услуг в получении пенсионных накоплений путём их перевода частным управляющим компаниям или в страховые организации для дальнейшего обналичивания за определенное вознаграждение.

«АО “ЕНПФ” заявляет, что данная информация не соответствует действительности. Получение пенсионных накоплений, находящихся в доверительном управлении частных управляющих компаний или размещенных в компаниях по страхованию жизни по договору пенсионного аннуитета, через каких-либо посредников невозможно, а изъятие вкладчиками своих пенсионных накоплений из ЕНПФ свыше порога минимальной достаточности разрешается только на предусмотренные законодательством цели: улучшение жилищных условий или лечение», — сообщили в фонде.

Отмечается также, что, согласившись участвовать в предлагаемых мошенниками схемах, казахстанцы рискуют не только потерять свои деньги, но и ставят под угрозу сохранность своих персональные данных, которые в дальнейшем могут быть использованы для других мошеннических действий.

«АО “ЕНПФ” настоятельно рекомендует своим вкладчикам игнорировать распространяемые подобные “фейковые” сообщения и получать информацию из официальных источников», — рекомендовали в фонде.

Бейсенбі - Четверг, 14 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 04.55 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 20.30 «Құдаша қыз»
13.10 «Құдаша қыз»
13.30 «Өмір көркем»
14.35 «Қарашадағы қансонар»
15.15 «Бірегей»
16.05 «Бізбен бірге»
17.00, 03.55 «Ашық алаң»
21.25 Т/х «Алданған арман»
22.25 «1001 түн»
23.25, 01.40 «Көңіл толқыны»
23.35, 01.50 Футбол

ХАБАР

05.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
07.00 «Оян»
10.00 «В фокусе»
10.25 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Шерлі жүрек»
14.00 «Айналайн»
15.00, 21.45 Сериал «Қимылдама»
16.00, 23.30 Сериал «Свидетельство о рождении»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.30 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-3»
10.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00, 00.25 Т/х «Дастан»
14.00, 01.25 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Т/х «Өз үйім»
15.30 Сериал «Королева игры»
17.55 Сериал «Горничная»
20.00 «Астана таймс»
22.50 «Лакшми» үнді т/х
02.10 Т/х «Қорықшы»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.55 «Тамаша сити»
07.00, 04.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся»
12.00 Мужское/женское
13.00, 00.40 «Конец невинности»
14.00, 01.35 Новости
14.15, 01.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.45 Басты жаңалықтар
19.00, 02.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент-3»

КТК

07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00Т/х «Құпия қобдиша»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.00, 00.00 «Холод»
13.00, 21.40 «Ты меня никогда не забудешь»
15.20 Т/х «Өткен күндер»
17.20 «Стажер»
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
02.30 «Тверская»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Архивтегі ақиқат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Олжа»
17.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 21.00 Т/х«Чукур»
10.00, 11.00 Мультсериал
11.40 «Тік Ток» шоу
12.20 Х/ф «Годзилла»
15.20 Х/ф «Хороший, плохой, коп»
17.50 Х/ф «Патруль времени»
23.00 Х/ф «Вертикальный предел»
01.30 «31 әзіл»
03.10, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
06.50, 13.40Т/х «Тақиясыз періште»
07.30 «Айна онлайн»
08.00, 02.30 «Бастық боламын»
09.00, 17.40 Сериал «Кладовая жизни»
11.10,19.50 «Триггер»
14.00, 00.40 Ток-шоу «Қыздарай»
15.00, 22.40Т /х «Құзғын»
16.00, 23.40 Т/х «Саған сенемін»
17.00, 22.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
01.40 Т/х «Аяла мені»
03.10 Т/х «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 15 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.45 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30,10.00,13.00,15.00, 20.00,01.35 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» тікелей эфир
10.10,18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20,13.10, 20.30 Т/х «Құдаша қыз»
13.30,03.20 «Өмір көркем» тікелей эфир
14.35 «Өзекті»
15.15,04.50«Мергендер мекені»
16.10,04.10« Bizben birge…»
17.00,00.35«ASHYQ ALAN»
21.25 Т/х «Алдаңған арман»
22.25 «Көңіл толқыны»
00.00 «PARASAT MAIDANY»
02.05 «Үмітінді үзбе»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00Т/х «Мезгілсіз махаббат»
07.00 Тікелей эфир «ОЯН!»
10.00 «Менің өмірім»
10.30 «Гав-мяу» мультсериал
12.00,20.00 Т/х «Шерлі жүрек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 21.45 «Қимылдама»
16.00 Сериал «Свидетельство о рождении»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу « Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу«Біздің мақсат»
22.45Х/ф «Антитела»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене» үнді
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Осман-3»
11.00 «Кеш келген махаббат»үнді т/х
13.00, 00.25 Т/Х «Дастан»
14.00, 01.25 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 «Эксперимент»
15.15 «Президент пәрмені»
15.30«Королева игры»
18.00 Х/ф «Бизнес по-Казахски в Америке»
20.00 «Астана таймс»
22.50 «Лакшми» үнді телехикаясы
02.10 «Қорықшы» Т/Х

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша CITY»
07.00,03.30 «П@утина»
08.00 «Қайырлытаң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05«Давай поженимся!»
12.00«Мужское/женское»
13.00 Сериал «Конец невинности»
14.00,01.50 «Новости»
14.15, 02.05«Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.05 «Басты жаңалықтар»
19.00, 02.20 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент Online»
22.05Сериал «Перелетные птицы»

КТК

07.00 Әнұран
07.05, 19.30, 04.30,05.00 Кешкі жаналықтар (Қайталау)
07.30 «Жан жылуы», Корей т/х
08.00 «Құпия Қобдиша» т/х
09.20 Вечерние новости (Повтор)
10.00 «Было дело»
11.00 «Холод» детектив
13.00 «Ты меня никогда не забудешь»
15.20 «Өткен күндер», өзбек т/х.С субтитрами на русском языке
17.20 «Стажер» детектив
20.00, 03.45 «Дау дамайсыз»
20.35, 04.10 «КТК веб»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Незабытая» мелодрама
02.30 «Тверская» детектив

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Ел қамы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел іші - өнер кеніші»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Экономtime»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ӘНҰРАН
06.00 Әзіл студио
07.00,20.00 Информбюро
08.00,21.00Т/х «Чукур»
10.00 М/с «Команда Мстители»
11.00 М/с «Маша и медведь»
12.00 ТІК ТОК show
12.40 Time vine
12.50 Кино Жан-Клод Ван Дамм в боевике «Патруль времени»
15.10 Кино О Доннелл в боевике «Вертикальный предел»
18.00 Кино «Между небом и землей»
23.00 Кино «Обитель зла»
01.10 «31 ӘЗІЛ»
03.00,04.30 «Whatsup?»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Batlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00,04.45 «Қуырдақ»
06.50,13.40 т/х «Тақиясыз періште»
07.30 ,00.00 «Айна online»
08.00,02.30 т/х «Бастық боламын»
09.00 Сериал «Кладовая жизни»
11.00 Сериал «Триггер»
14.00 «Гүл-гүл шоу»
15.00 Т/х «Құзғын»
16.00 Т/х «Саған сенемін»
17.00 «Battle сөз»
17.40 Х/ф «5 Причин не влюбиться в Казаха»
19.40 Сериал «Фантазия белых ночей»
00.40 Жайдарман
01.40 «Аяла мені»
03.10 «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 16 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.30 Әнұран
06.05,05.05 «Киелі Қазақстан»
06.30, 04.35 «Күй-керуен»
07.00 М/ф «Күлтегін»
08.35,03.30 «Азаттық таңы атқанда»
09.00,02.30 «Азаттықтың асқақ әні»
10.00, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00,20.00,23.00 «Қазақстан дауысы»
14.40,00.30 Т/х «Қорқыт»
17.00 «Рақмет, саған туған ел!»
22.30 «Қазақстан дауысы. Балалар»
23.30 «Көңілашар»
03.55 «Бірегей»

ХАБАР

05.00 ,01.00 Әнұран
05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Қазақстаным,алға!» концерт
09.00 «Сарбаз»
09.30 «Дүлдүлдер дүбірі»
10.00 Мегахит «Антитела»
12.00 М/ф «Союз зверей:Спасение двуногих»
13.30 «Домбыра мектептері»
14.00 «Мәртебелі өнер»
16.00 «Үкім» т/х
17.45 «Асыл домбыра»
19.00 «Cover show»
21.00 «7 күн»ақпарат арнасы
21.40 Д/ф «Тағзым Желтоқсан»
22.10 «Воды слонам!»
00.00,00.20 «Хабар спорт»
00.40 «Әке бақыты»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-3» Т/х
11.00 Концерт «Отан қымбат»
13.00 «Шаншар»
16.40 Худ.фильм «Бизнесмены»
18.45 Худ.фильм «Бизнес по Казахски в Турции»
20.00 «Sapar times»апталық сараптамалық
22.50 «Лакшми» т/х
00.00 Худ.фильм «Құдалар»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.30 «Тамаша CITY»
07.55, 01.45 «П@утина»
08.50 «Поехали!»
09.50 «Эксклюзив»
10.45 Х/ф «Любовь в СССР»
12.40 «Наше все»
13.05 Сериал «Ищейка»
17.15 «Dastarhan»
18.30 «Айна» тікелей эфир
19.00 «Х FACTOR»
20.05 Т/с «Наступит рассвет»
23.50 «Фантастика»

КТК

07.00 ӘНҰРАН
07.05,02.10«КТК - Қабатов»
08.00 « Мандай тер» д/ф
08.30 «Динамен дұрыс»
09.40,01.35 «В Формате VHS»
10.10 «Незабытая» мелодрама
14.50 «Өмір –сынақ»
16.50 «Кел, шырқайық!»
18.00,03.40,05.00 «Алдараспан»
21.00 «Алмаз» мелодрама

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Арнайы репортаж»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Экономtime»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» концерті
15.50 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Тәуелсіздік жетістіктері»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Күліп ал»
06.15 Кино «Чужой ребенок»
09.30 Готовим с Адель
10.00 «Өнер қырандары»
12.00 Кино «Боксер»
14.20 Кино «Базар жоқ, Мексика»
16.20 А/ф «Рио-2»
18.40 Кино «Тор. Рагнарек»
21.40 Кино «Сокровище нации»
00.40 « Біздің шоу»
02.00 «31 әзіл»
03.00 Тик ток шоу
03.20 Тайм вайн
03.10 Кино «Ғашықтар»
04.20 «Whats up?»
04.40 «1001 әзіл»
05.10 Әзіл студио
05.30 «Бала батл»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30, 01.20 «Жұлдызым» концерт
08.30 «Азаттық таңы атқанда»
09.00 Сериал «Кейс»
13.30 «Жаңа кезең»
13.50 «Voice of Turan-2023»
16.00 «Жұлдызды шаңырақта»
16.40 К/ф «Дос-Мұқасан»
19.10 «Батыл сөз»
19.40 сериал «Вы мне подходите»
23.40 Х/ф «Тестьдрайв»
03.00 «Келесі кім?»
03.30 «Жеңіп көр»
04.10 «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 17 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.35 Әнұран
06.05 «Киелі Қазақстан»
06.25,04.40«Күміс көмей»
06.55,03.35 «Көңіл толқыны»
08.00 «Біздің сүйікті дәрігер» к/ф
10.00, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00 « Қазақстан дауысы»
14.40,00.30 «Қорқыт»
16.55 «Сағындырған әндерай!»
20.00,02.30 «АРТА» тікелей эфир
20.50,03.20 «Ақорда»
21.00 Шәмші Қалдаяқовтың ән кеші
23.30 «Көңілашар»
05.10 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Алашұлы» концерт
08.30 «Культурный контекст»
09.00 «Оянған өлке»
10.00 М/ф «Большое путешествие»
11.20 Д/ф «Құрқұдық»
12.00 Концерт «Алтын шипагер»
14.00 «Covershow»
16.00 Т/х «Үкім»
18.15 «Алғашқы»
19.30 «Қызық таймс»
21.00 «7 күн»информационно-аналитическая программа
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 «Документальный фильм ко дню Независмости РК»
22.50 Мегахит «Рыцарть дня»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман -3» т/х
11.00 Концерт «Ел жүрегі Астана»
13.00 «Алдараспан»
17.00 Худ.фильм «Брак по Итальянски в Индии»
19.00Худ.фильм «Бизнес по-Казахски в Америке»
22.50 «Лакшми» т/х
00.00 Худ.фильм «Бизнесмены»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.00 « Тамаша CITY»
08.00 «Воскресные беседы»
08.10,02.15 «П@утина»
09.00 «Бейкүнә»
11.00 «Қаймақ»
11.35 Сериал «Крепость бадабер»
15.45 «Х-FACTOR»
16.45 «Әгугай»
18.00 Х/ф «Пальма»
20.00 «АНАЛИТИКА»
20.45 сериал «Бабочки и птицы»
00.40 «Перепой звезду»

КТК

07.05,01.30 «Ән мен әнші»
09.00 «Соль земли»
09.30 «Юморина» шоу
10.40,22.00 «Алмаз» мелодрама
15.00 Т/х «Өмір сынақ»
17.00,03.50,05.00 «Жігіттер тобы 20 жыл» шығармашылық кеші
20.00 Кел, Шырқайық!
21.00 «Динамен дұрыс »сұқбат

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Тәуелсіздік күні» концерті
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Сазды әуен Жетісудың көгінде» концерті
17.30 «Әсем әуен»
18.30 «Бағыт»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 Д/ф «Тәуелсіздік жетістіктері»
21.00 «Әсем әуен»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Әндер мен жылдар» концерті

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «BalaFunny»
07.30 «Күліп Алл»
08.00, 02.20,04.40 Тикток шоу
08.30,04.20 Тайм вайн
09.00 «Телебинго» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Кино «Боксер»
12.20 А/ф «Рио-2»
14.30 Кино «Тор.Рагнарек»
17.30 Кино «Сокровище нации»
20.30 Кино «Сокровище нации.Книга тайн»
23.30 Кино «Обительэла»
01.30 Кино «Три Брата»
05.00 «31 әзіл»
05.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.50 «Келесі кім?»
07.20,01.30 «Сәлем Қазақстан»
09.00 Сериал «Вы мне подходите»
13.20 «Voice of Turan-2023»
16.00 Т/с «Қызықты weekend»
17.00 Х/ф «Хотя бы в кино»
19.00 Сериал «Никогда не сдавайся»
23.00 К/ф «Дос-Мұқасан»
03.00 «Battle сөз»
03.30 «Жеңіп көр»
04.10 «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТЫҢ ТӘСІЛ

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Сот жүйесіне заманауи технологиялардың енгізілуі мен қолданылуы сот өндірісін жеңілдетіп, төрешілдікті жоюға, сот жүйесі қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлықтың орын алу ықтималдығын төмендетуге септігін тигізуде.

Сонымен қатар, бұл бастама еліміздің тұрғындары үшін сот жүйесінің ашық әрі қолжетімді болуына барынша жағдай жасауда. Сот жүйесін оңтайландыру әлемдік өркениетке қадам басу жолындағы қажеттіліктен туындағаны белгілі.

Еліміздегі сот төрелігін атқаруды барынша жақсартып, жетілдіре түсу мақсатында тұрақты түрде жүргізіліп жатқан елеулі өзгерістертердің арқасында сот жүйесіне заманауи технология кеңінен енгізіліп, тиімді қолданудың нәтижесінде азаматтардың сот төрелігіне қолжетімдігі барынша жеңілдеді және соттың ашықтығы мен жариялылығы артып, халықтың сотқа деген сенімі нығая түскені даусыз. Ең бастысы – соттағы істердің қаралуы жағынан уақытты үнемдейді. Тағы бір айта кетерлік жағдай, еліміздегі сот сатыларының ықшамдалуы судьялардың жұмысын едәуір жеңілдетеді, әрі обьективтілігін арттырады. Бұл әлемнің дамыған елдерінде көптен бері қолданыста келе жатқан озық заманауи сот жүйесі.

Озық ақпараттық технологиялардың қолданысқа енгізілуі сот жұмысын едәуір жақсарта түсуде. Бұл тұрғыда бірінші кезекте барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу жұмыстары айрықша орын алады. Сот процестерін бейне және таспаға жазудың тиімділігі мен маңыздылығы сот төрелігін іске асыру барысында ешқандай бұрмалаушылықсыз, бейтараптылықпен жүргізілуін қамтамасыз етеді. Бұл сот ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп, халықтың сот төрегіліне деген сенімін арттырып отыр. Сонымен қатар ол екінші жағынан аталған жүйенің енгізілуі қағаз бастылықтың қысқаруына септігін тигізіп, бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік туғызды.

Сот әділдігінің ашықтығын жүзеге асыру және сот жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында облысымыздың барлық сотында «Сот кабинеті» және сот құжаттарымен тынысу электронды сервистері іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды сандық қолтаңбасы бар азаматтар ала алады. «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне оларды қабылдау, тіркеу және өңдеу тәртібін реттейді. Жеке және заңды тұлғалар өздеріне қолайлы кез-келген уақытта үйден шықпай-ақ, онлайн режимінде интернет арқылы «Сот кабинеті» сервисіне электронды түрде талап арызын, шағым және сұраныс беріп, оның орындалу барысын қадағалап отыруға мүмкіндік алады.

Кейінгі жылдары сот процестерін қашықтықта өткізу тәсілінің де тигізіп отырған пайдасы көп екенін айтпай кетуге болмайды. Осы тәсілдің арқасында қатысушылардың түрлі себептермен келмей қалып, сот отырыстарын кейінге қалдырып, созбалаңға салу жағдайы күрт азайды. Екінші жағынан шалғайда тұратын азаматтардың сотқа келуі үшін жол жүріп, уақытын кетіріп, шығындалуын қысқартты. Міне, осындай тың тәсілдердің арқасында сот төрелігін атқару ісін барынше жетілдіре түсуге даңғыл жол ашылуда.

Жұмаш АҚБЕРГЕНОВ,
Алматы облыстық сотының судьясы.

МЕДИАЦИЯ

ЖҮКТЕМЕНІ АЗАЙТУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Кейінгі жылдары медиация деген сөздерді сот отырыстарында жиі айтылып жүргенін сотқа қатысушы азаматтар жақсы біледі. Алайда, қалың оқырмандар арасында бұл ұғымның мәні мен мақсатын білмейтіндер де болуы ғажап емес.

Сондықтан медиация туралы қосымша мағлұмат бере кетсек артық болмас. Тоқ етерін айтқанда, медиация дегеніміз – өзара қолайлы шешімге келу мақсатында бейтарап жақ медиатордың көмегімен тараптар арасында дауды «жанжалды» реттеу тәртібі болып табылады.

Бүгінгі таңда соттарда қаралатын істер бастан асып жатады. Өйткені, қазір азаматтар болымсыз кикілжің туындай қалса болды сотқа жүгінуді әдетке айналдыра бастады. Сондықтан, соттарға жүктемені азайтудың басты жолы – тараптар арасындағы дауды медиация рәсімімен шешу болып табылады. Дауды медиация жолымен немесе сот арқылы шешуді таразылайтын болсақ, сот шешімді құқық пен заңды негізге ала отырып қабылдайды, ал медиация тәртібінде тараптар өздері бірлесе отырып шешім қабылдайды. Дау сот тәртібімен қаралған жағдайда қорғаушыға төленетін шығындар, мемлекеттік баж төлемдері, сараптама жүргізу шығындары бар. Ал медиация тәртібінде тек медиаторға ғана төленетін шығындар болады. Сот тәртібімен дауды шешу ұзақ уақытты алатын болса, медиацияда азаматтық құқықтық қатынастар бойынша 30 күннен аспайтын мерзім ішінде қаралады. Осылайша, дауды сотқа дейін реттеу тараптарға дауды (жанжалды) қысқа мерзімде, материалдық және моральдық аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді. Сотта дау жария түрде ашық қаралса, ал медиация тәртібінде жабық түрде екі тараптың келіссөздерге келуі арқылы оңтайлы шешім қабылданады.

ҚР «Медиация туралы» Заңы, 3 бабының талаптарына сәйкес медиацияның мақсаттары мыналар болып табылады: 1) дауды (жанжалды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу, 2) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Осы Заңның 4 бабының талаптарына сәйкес медиация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі: 1) еріктілік; 2) медиация тарапының тең құқылығы; 3)медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; 4) медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік; 5) құпиялық.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға) медиация рәсімі қолданылмайды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша да медиация рәсімі қолданылмайды.

Сот тәртібінде қарастыруға тиіс даулардың санын қысқартып, оларды шешудің баламалы тәсілдерін қолдану, оның ішінде бітімгершілік рәсімдер – медиация әдісін қолдану адам құқықтарының әділ сақталуының кепілі.

Соңғы қабылданған және қазіргі қолданыстағы Азаматтық процестік кодексте алға қойылған міндеттерді орындауда дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәртібіне, соттағы татуласу рәсімдеріне көңіл бөлінді. Істердің жеке санаттары бойынша дауларды сотқа дейін реттеудің міндеттілігі көзделіп, оларды реттеудің тиімді тәсілдеріне көшу бағытында «Дауларды соттан тыс реттеу» тарауы енгізілгені баршаға аян.

Тараптар шарттарда дауды медиатормен, нотариуспен немесе авдокатпен сотқа дейінгі реттеу міндеттілігін қарастыра алады.Тараптар арасындағы дауды (жанжалды) реттеуді медиация тәртібінде медиатор немесе тараптардың өтінішхаты бойынша судья жүзеге асырады. Бір іс шегінде тараптар бірқатар мәселелерді шеше алады, өйткені талап қоюдың мәні мен негізінің бір мезгілде өзгертілуі шешіледі.

Дархан ТОҚБАЕВ,
Жетісу облыстық сотының судьясы.

ІНДЕТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН ҚАУІПТІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ БІРІ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

«Zhansugurov college»-нің «Саналы ұрпақ» клубының мүшелері Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Әдеп кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол бермеуді қадағалайды. Сонымен қатар интернет желісіне жемқорлықтың алдын алу бейнероликтерімен, өткізілген іс-шаралары заң сауаттылықтары орнау мақсатында салынып отырады.

Диас ОРУНТАЕВ,
Zhansugurov college
309 Құқықтану факультетінің студенті.

МАМАН МІНБЕРІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ӘДЕП ПЕН ЭТИКАСЫ ТУРАЛЫ

Күнделікті беріліп жатқан ақпарат көздеріндегі деректерге сүйенсек, дамыған елдердің тәжірибесі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік аппараттың кадрлық мүмкіндігі аса маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Сонымен қатар мемлекеттік қызмет әр елдің барлық даму сатысындағы басты атрибуты болып табылады. Тегінде мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез келген саласының дамуы – бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты екені де талассыз. Біздің елімізде де мемлекеттік қызметшінің алатын орны ерекше.

Ендеше мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан білдірілген ерекше сенім болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне, этикасы мен моральдық бейнесіне жоғары талаптар қояды. Этика – адамдар арасындағы қарым-қатынастылықты реттейтін талаптар, өнегелік пен мораль жайындағы ілім. Қоғамда мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды және өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді.

Сайып келгенде, мемлекеттік қызметшілер Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиісті. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Мәулен НҰРЫМҰЛЫ,
Жетісу облысының мамандандырылған ауданарлық экономикалық соты әкімшісінің бас маманы сот отырысының хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ ОРНЫ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР КАФЕДРАСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖӘНЕ ОДАН ТЫСҚАРЫ ЕЛДЕРДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНА ЕЛЕУЛІ ҮЛЕС ҚОСАТЫН ОҚУ ОРНЫ. КАФЕДРА ОЗЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӘРТҮРЛІ САЛАЛАРДА ТАБЫСТЫ МАНСАПҚА ИЕ БОЛУЫНА ЗОР МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Жастардың болашағына арқын жол сілтейді

Ақпараттық жүйелер факультетінің бір ерекшелігі оқу бағдарламаларының сапасының жоғары болуында. Кафедра ақпараттық жүйелерге қатысты әртүрлі пәндер бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларының кең ауқымын ұсынады. Мәселен, бағдарламалық қамтамасыз ету, деректер ғылымы және киберқауіпсіздік, ақпараттық технологияларды басқару және тағы басқа бағдармаларды дайындайды. Бұл бағдарламалар студенттерді өз салаларында жоғары жетістіктерге жету үшін қажетті білім мен дағдылар және тәжірибемен қамтамасыз етеді.

«Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі» мамандығының бірінші курс магистранты ретінде мен студенттер мен инноваторлардың белсенді және серпінді қоғамдастығының бір бөлігі болғанымды мақтан тұтамын.

Мұнда Ақпараттық жүйелер кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы да ерекше. Кафедраны өз саласының сарапшылары жоғары білікті және тәжірибелі профессорлары мен оқытушылары қамтиды. Олар студенттерге теориялық білімдерін практикалық дағдылармен және тәжірибемен ұштастыра отырып, жан-жақты білім беруге ұмтылады. Сондай-ақ, ақпараттық жүйелер кафедрасы ғылым саласына да көп көңіл бөлетіндігін айтқым келеді. Кафедрадағы жасанды интеллект, машиналық оқыту және үлкен деректерді талдау, компьютерлік инженерия сияқты маңызды салалардағы бірнеше ғылыми орталықтар мен институттар жұмыс жасайды. Бұл студенттерге ғылыми зерттеумен айналысуда өзін шектемеуге көп үлесін қосады.

Кафедрамыз сонымен қатар студенттерге іс жүзінде тәжірибе беруді де ұмытпайды. Осыған орай кафедра әрбір студент тәжірибеден өтуге және нақты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бірнеше жетекші компаниялар мен ұйымдармен серіктестік орнатқан. Бұл серіктестіктің мақсаты әрбір студенттің практикада тәжірибе жинақтап, теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға кеңінен жол ашу болып табылады.

Біздің университеттің ең басты ерекшелігі оның әлеуметтік жауапкершілікке және жаһандық белсенділікке деген ұмтылысында. Осы ретте айта кететін жайт, университет дүниежүзіндегі қауымдастықтармен және ұйымдармен қарым-қатынас жасаудың ұзақ тарихы бар және оның студенттері мен оқытушылары кең ауқымды әлеуметтік, экологиялық бастамаларға белсенді қатысады деп айта аламын. Халықаралық студенттік алмасу бағдарламасы арқылы студенттер өздерінің академиялық және кәсіби мақсаттарына қол жеткізе отырып, әлемге оң әсерін береді.

ҚазҰУ-дың ақпараттық жүйелер факультеті – Қазақстанда және шетелдерде ақпараттық технологиялардың дамуына зор үлес қосқан ерекше оқу орны. Оның академиялық жетістіктерге, ғылыми зерттеулер мен студенттерді дамытуға деген ұмтылысы – оны ақпараттық жүйелердегі жетекші оқу орнына айналдыруда. Аталмыш оқу орнының ақпараттық жүйелер кафедрасына оқуға түсу қызықты, өйткені заман ағымына қарай дамып отыратын бұл факультет табысты және болашақта мансап үшін берік негіз қалауға тамаша мүмкіндік екенін анық айта аламын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті ретінде мен озық жаңашылдық пен әлеуметтік жауапкершілікке ұмтылатын қоғамдастықтың бір бөлігі болғанымды мақтан етемін. Мұнда алған білімім мен тәжірибем мені ақпараттық технологиялар саласындағы табысты мансапқа дайындайтынына, ал алатын дағдылар мен білім әлемді жақсы жаққа өзгертуге үлкен мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Қазбек ЖҰМАҒАЗЫЕВ,
Ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің
1 курс магистранты.
Аға оқытушы: А. ОРАЗБАЕВА.

МАМАН МІНБЕРІ

Тіл – таусылмайтын байлық

«Тіл мәселесіне бейжай қарап, немқұрайлылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін» – деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тілге үлкен жауапкершілікпен қарауды тапсырды.

Сол қатердің төнбеуі үшін жүрегі елім деп соққан әрбір қазақ туған тіліне үлкен құрметпен қараса, басқаларды да мойындатарымыз хақ. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының рөлі орасан зор деп айтар едім. Сондай орталықтардың бірі – өзім басқарып отырған «Тіл» оқу - әдістемелік орталығының Текелі қалалық филиалы. Біздің орталықта тіл үйренемін деушілерге қарапайым деңгейден бастап, жоғары деңгейге дейін тілді меңгеріп шығуға үлкен мүмкіндік бар, барлық жағдай жасалған. Ең бастысы – ниет болса болғаны.

Орталық 2007 жылдан бері қала халқына қалтқысыз қызмет атқарып келеді. Бүгінгі күні 6 топ, барлығы 78 тыңдаушы әртүрлі деңгейде мемлекеттік тілді үйренуде. Үстіміздегі жылдың тамыз айынан бастап ағылшын курсы ашылып, мемлекеттік тілмен қатар 2 топта 26 тыңдаушы ағылшын тілін оқуда.

Үстіміздегі жылдың 22 қарашасында Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Оқыту орталықтарының жұмыстарын жүйелендіру» тақырыбында аудандардағы тіл оқыту орталықтары арасында облыстық байқау өтті. Текелі қалалық филиалы да қалыс қалмай Алғыс хатпен қаржылай сыйлық сертификатына ие болды. Еңбек еленіп, жыл қорытындыланды. Бірақ жұмыс осымен тоқтап қалмақ емес – алға қойған мақсат, межелер ұлан ғайыр.

Астана қаласында өткен стандарттау жөніндегі кеңейтілген ғылыми-техникалық кеңесте қазақ тілін меңгеруге арналған тілдік жобасы қаралып, нәтижесінде енді еліміздің кейбір сала мамандары мен студенттеріне қазақ тілінен тест тапсыру міндеттелмек. Бұл жоба 2024 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап іске асырылады деп айтылып, тіл жанашырларын бір қуантқан жаңалық болды. Алдағы уақытта осы жоба іске асып, тіліміздің тұғырлы болуына үлкен қызмет етеді деп үміт артамыз. Мемлекеттік тілдің болашағының кемелденуі үшін міндеттелген талап қажет екендігі бұрыннан айтылып жүрді, осы жоба сол талап тілекке жол ашқандай болды деп ойлаймын.

Тарихқа жүгінсек, ата-бабаларымыз шешен сөйлей алмаған адамға ел билетпеген екен. Шешен сөйлеу дегеніміз – қазақтың бай тілімен, қасиетті төл тіліміздің мүмкіндігін қолдану емес пе? Сондықтан тілімізді қадірлеп, шұбарламай таза сөйлеу – азаматтық борышымыз деп санаймын.

Айгүл ҚАЛЫСБАЕВА,
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығы КММ
Текелі қалалық филиалының меңгерушісі.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Шырша кескендер жазасыз қалмайды

Қыстың бір қызығы, дала ақ мамық көрпесін бүркене жамылып, жаз бойы сайран салған тіршілік тыныштық құшағына енген сәт – алғашқы қардың жаууы болса, екінші қызығы – Жаңа жыл мерекесі. Бұл екі сәтті де адам баласы асыға күтеді.

Жасыратыны жоқ, бұл күндері жаздың аптап ыстығынан, қыстың шымылтыр аязы жақсырақ көрініп кетеді. Тіпті, жаңа жылды «үсті-басы ақ қырау, түсі суық» аязбен бірге қарсы алмасақ көңіліміз көншімейді. Қазақтың дәстүрінде болмаған десек те, бұл мейрам көпшілік үшін отбасылық мерекеге айналып үлгерген. Жалпы, жаңа жылды кеудесіне әшекей тағынған шыршасыз, қызыл шапандағы ақсақал Аяз атасыз елестету мүмкін емес. Өйткені бұл екеуі де жаңа жылдың символына айналған. Сондықтан да барша халық болып, әсем де көркі шыршаларымызды келер ұрпаққа аман есен жеткізу ортақ міндетіміз.

Шырша – қарағай тұқымдасына жататын биіктігі 30-50 м, баяу өсетін қылқанжапырақты ағаш. 15-20 жылға дейін өте жай, кейін жылына 30 см-ге дейін өсетін болғанымен, 6-12 жылда қылқандарын кезекпен түсіріп, жаңарып отырады. Шыршаның түрі өте көп. Түрлеріне қарай 50-150 жыл аралығында өмір сүреді. Қазақстанның таулы аймақтарында бірнеше шыршадан құралған ормандар бар. Көптеген елде жаңа жыл ағашы ретінде танымал. Осындай әдемі өсіп тұрған шыршаларымызды бір күндік қызық үшін кесуден аулақ болайық. Өз бетінше шыршаларды шауып алудың алдын-алу мақсатында мобильдік топтар құрылып, рейдтер ұйымдастырылған. *«Шыршаларды рұқсатсыз шауып алғандар ҚР қылмыстық кодексінің 340 бабымен жауапкершілікке тартылады. Мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жазаланатын»* - туралы ескертеміз.

Е. АҚСАМБАЕВ,
«Қапал орман шаруашылығы» К.М.М-сінің
орманды қорғау, сақтау инженері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДЕЛОВАЯ ВСТРЕЧА

КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ЖДУТ ПО СОЦИАЛЬНЫМ ОТЧИСЛЕНИЯМ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, ФИЛИАЛ АО «ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ФОНД СОЦИАЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ» ПО Г. АЛМАТЫ СОВМЕСТНО С ПАЛАТОЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ Г. АЛМАТЫ ПРОВЕЛИ СЕМИНАР-РАЗЪЯСНЕНИЕ ПО ВОПРОСАМ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО СОЦИАЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ, О МЕХАНИЗМАХ УПЛАТЫ СОЦИАЛЬНЫХ ОТЧИСЛЕНИЙ В ГФСС. СЕМИНАР ПРОШЕЛ В ФОРМАТЕ ВОПРОСОВ-ОТВЕТОВ. ТАКИМ ОБРАЗОМ КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ЖДУТ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПО СОЦИАЛЬНЫМ ОТЧИСЛЕНИЯМ В ГФСС.

Всего в онлайн-семинаре приняли участие 178 субъектов МСБ. Главный специалист филиала АО ГФСС по г. Алматы Балгын Бекмагамбетова в своем выступлении проинформировала присутствующих об обязательном социальном страховании, о механизмах уплаты социальных отчислений в ГФСС и их возвратов, о правах и обязанностях плательщиков и участников системы обязательного социального страхования, за которых производятся социальные отчисления, а также по видам обязательного социального страхования.

«С 1 января 2024 года повышаются размеры социальных выплат по случаю утраты трудоспособности и потери кормильца из Государственного фонда социального страхования на 7% в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 октября 2023 года № 925 «О повышении размеров социальных выплат из Государственного фонда социального страхования с 1 января 2024 года», – озвучила Балгын Бекмагамбетова.

Главный специалист филиала АО ГФСС по г. Алматы Марал Давлетова отметила, что в рамках Социального кодекса с 1 января 2025 года физические лица, работающие по договору гражданско-правового характера (ГПХ), будут охвачены системой обязательного социального страхования.

«Таким образом, в соответствии с Социальным кодексом, социальные отчисления за физических лиц по договорам ГПХ рассчитываются с 2025 года по ставке 5% от объекта исчисления социальных отчислений», – проинформировала представитель филиала АО ГФСС по г. Алматы.

Одной из норм, предусмотренных в Социальном кодексе РК, является отмена ЕСП с 1 января 2024 года.

Эксперты Государственного фонда социального страхования ответили на интересующие вопросы участников встречи.

«Вопрос социальных платежей один из актуальных вопросов бизнеса. Консультации такого формата необходимы для предпринимателей. На площадке Палаты разъяснительные семинары проходят на постоянной основе. Сегодня состоялся живой диалог, вопросов было очень много. Участники семинара также предложили организовать встречу по информационно-разъяснительной работе для бухгалтеров с представителями АО «ЕНПФ», АО «ФСМС» по вопросам ОПВ, ОСМС», – отметила эксперт по развитию человеческого капитала Палаты предпринимателей города Алматы Жанар Ибрагимова.

Также в ходе встречи предпринимателям напомнили о завершении моратория на проверки МСБ с 1 января 2024 года.

Информация о проведении разъяснительных семинаров будет опубликована на нашем официальном сайте и социальных страничках региональной палаты Инстаграм, Телеграмм.

Ш. ХАМИТОВ.

ЗАКОН

КОГДА ПРЕСТУПЛЕНИЕ СОВЕРШАЕТСЯ НЕ ОДНИМ, А НЕСКОЛЬКИМИ ВЗАИМОДЕЙСТВУЮЩИМИ ЛИЦАМИ, ОНО ПРИОБРЕТАЕТ СВОЕОБРАЗНУЮ ФОРМУ, КОТОРАЯ НЕ В ПОЛНОЙ МЕРЕ СОГЛАСУЕТСЯ С ОПИСАНИЕМ ДЕЙСТВИЙ ОДНОГО ЛИЦА, ПРЕДСТАВЛЕННЫМ В ОСОБЕННОЙ ЧАСТИ УК РК. В СВЯЗИ С ЭТИМ ВОЗНИКАЕТ ВОПРОС, КАК ПРАВИЛЬНО КВАЛИФИЦИРОВАТЬ ДЕЙСТВИЯ СОУЧАСТНИКОВ. НАЗНАЧЕНИЕ НОРМ О СОУЧАСТИИ КАК РАЗ И СОСТОИТ В РАЗРЕШЕНИИ ЭТИХ ВОПРОСОВ.

ПРИЗНАКИ СОВЕРШЕНИЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ «ГРУППОЙ ЛИЦ»

Соучастие имеет три признака: 2 и более лица; совместность; умышленный характер. Два и более лица. Под лицами в данном случае предполагаются физические вменяемые лица, достигшие возраста уголовной ответственности.

Квалифицирующие признаки совершение преступления «группой лиц», «группой лиц по предварительному сговору» могут быть вменены в тех случаях, когда преступление совершено двумя и более соучастниками преступления.

При квалификации действий виновных по признаку совершения преступления «группой лиц по предварительному сговору» необходимо выяснять, имелась ли выраженная в любой форме договоренность двух или более лиц на совершение преступления, состоялся ли сговор этих лиц до начала действий, непосредственно направленных на совершение преступления, то есть до выполнения объективной стороны состава преступления хотя бы одним исполнителем.

Преступление квалифицируется по признаку «группой лиц по предварительному сговору» и в тех случаях, когда для его совершения объединены общие усилия двух или более лиц и действия каждого из соучастников являются необходимым условием для совершения действий других соучастников, согласно предварительному распределению ролей, и находятся в причинной связи с общим, наступившим от деятельности всех соучастников, преступным результатом. В таких случаях не обязательно участие в преступлении двух и более исполнителей, достаточно одного исполнителя при наличии других видов соучастников.

Ответственность организатора, подстрекателя или пособника наступает по соответствующей статье УК, предусматривающей ответственность за конкретное преступление, со ссылкой на статью 28 УК, за исключением случаев, когда они одновременно являлись соисполнителями преступления.

Лицо, которое не состояло в предварительном сговоре с другими соучастниками преступления, но в ходе его совершения другими лицами присоединилось к ним и приняло непосредственное участие, должно нести ответственность за фактически совершенные им конкретные действия как соисполнитель преступления.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

АЛИМЕНТЫ

ДЕНЕЖНОЕ И МАТЕРИАЛЬНОЕ СОДЕРЖАНИЕ

Как предусмотрено законом РК «О браке (супружестве) и семье», родители обязаны содержать несовершеннолетних детей, а также совершеннолетних, которые получают образование по очной форме до 21 года или нетрудоспособны. Кроме того, родители должны участвовать в дополнительных расходах на содержание совершеннолетних нетрудоспособных детей в случае их тяжелой болезни, увечья или при необходимости оплаты ухода за ними.

Если семья распадается, один из родителей берет на себя обязательства воспитывать ребенка, а второй обязан участвовать в его содержании. Семейные отношения налагают подобные обязательства и в других ситуациях. Закон определяет порядок взыскания и размер алиментов.

Отношения между родственниками, в том числе алиментные, регулируются Законом РК «О браке (супружестве) и семье». Закон определяет алименты как денежное и материальное содержание, которое обязан предоставить один член семьи другому, имеющему на это право. Чаще всего речь идет о содержании детей при разводе родителей.

Решение суда о взыскании алиментов и документы направляются судебным исполнителям, которые отправляют их по месту работы ответчика. В бухгалтерии производится расчет алиментов в указанных долях или в твердой сумме и отправляется адресатам. Контроль над правильностью и своевременностью начисления алиментов осуществляют судебные исполнители. Алименты поступают в распоряжение другого родителя или законных представителей ребенка.

В настоящее время взысканием долгов по решению суда в основном занимаются частные судебные исполнители, в обязанности которых входят: наложение ареста на имущество должника, то есть запрет на распоряжение этим имуществом, включая деньги и ценные бумаги; наложение ареста на деньги и имущество должника, находящиеся в банках, организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, а также в страховых организациях и тому подобное.

В случае уклонения от уплаты алиментов законом предусмотрены меры воздействия на ответчика: Наступает административная или уголовная ответственность. Судебные исполнители могут наложить взыскание на движимое и недвижимое имущество ответчика. Вместе с тем, в судебном порядке может быть приостановлена лицензия на деятельность ответчика и другие разрешения, ограничены его права, например, на пользование водительскими правами или на выезд за границу.

Поскольку по долгу службы мы встречаемся с людьми разного характера, поэтому в своей работе стараемся к каждому должнику подбирать индивидуальный подход. Если человек готов разговаривать, сотрудничать, то можно найти оптимальный выход из практически любой ситуации, как говориться без выходных ситуации не бывает. Однако зачастую должники намеренно провоцируют ЧСИ на агрессию, скандалы, грубят, переходят на личности.

Жадра ИСАБЕКОВА,
частный судебный исполнитель
исполнительного округа области Жетісу.

ВЫСТАВКА

ЭХО МИНУВШИХ ДНЕЙ

Декабрьские события 1986 года в Алма-Ате, принявшие форму массовых протестов против режима коммунистической власти, являются одним из первых в Советсом Союзе массовых митингов против диктата Центра. Молодежь отстаивая честь и идеи казахстанцев, выдвигала демократические требования, ранее провозглашенных администрацией власти. Но однако, данный протест, носивший мирный характер, расценивался руководством, как угроза власти.

Для подавления мирной демонстрации были приняты жестокие меры, которые осуществлялись посредством спецподразделениями МВД СССР.

Событие охватило многие города Казахстана в том числе и Талдыкорган, а также некоторые братские республики, входивших в состав государства.

Выступление целеустремленной молодежи, которая понесла незаслуженное наказание, послужило началом распада тоталитарной системы правящей власти и создала условия для образования независимости. Память о них должна остаться в сердцах каждого казахстанца, а их действия оцениваться, как борьба за единство и независимость.

Ежегодно в музее имени Мұхамеджан Тынышбайұлы, с целью формирования у подрастающего поколения нравственных качеств, как патриотизм, чувство ответственности за процветание Отечества, на примере молодежи 80-х, которые выступили против всеобщего кризиса системы, за право на свободное выражение гражданской и политической позиции, проводятся встречи с участниками событий 1986 года, стационарные и выездные выставки.

И в этом году жители, гости города учащиеся школ, студенты, а также и школьники области посещают выставку «Қайсар рухтың жемісі – Тәуелсіздік», организованной сотрудниками музея.

На выставке представлены материалы Е.Сыпатаева, Л.Асановой, а также бывших студентов, наших земляков обучавшихся в Алматинских учебных заведениях и студентов ТКПИ (Талдыкорганский педагогический институт), в частности председателя организации «Жетісулық желтоқсаншылар» Ермұхана Жүнисхана и его членов Г.Көксегена, Б.Турарова, Т.Букенбаева, Қ.Кенжебая, Т.Шорабаева и многих других, ставших жертвой декабрьских событий.

Свидетельством «расправы» с молодежью, являются документы: приказы об отчислении студентов с учебных заведений, лишения прав на надбавку к стипендиям и о реабилитации их. Также вниманию посетителей, представлены их личные вещи, являющиеся отголоском унизительных испытаний.

Как отмечают многие исследователи «Патриотизм» не рождается на пустом месте. Его истоки - в глубоком знании истории страны, в понимании и уважении деятельности тех поколений, усилиями которых обеспечивались ее независимость и процветание.

Надеемся, что наше будущее поколение, посредством таких мероприятий, будет гордиться достижениями страны и, что усилия работы сотрудников музея, будут способствовать формированию национального самосознания, основанного на патриотизме, любви к Родине, стремлении служить ее интересам и готовности к ее защите.

Выставку можно посетить до конца этого года.

Р. ЕСЕНБАЕВА,
с.н.с историко-краеведческого
музея им.М.Тынышбайұлы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

СПОРТ КЕШЕНІНЕ

ӘБІЛСЕЙІТ АЙХАНОВТЫҢ АТЫ БЕРІЛСЕ...

БҮКІЛ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ, ӘЛЕМДІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ЕКІНШІ ҚАЖЫМҰҚАН АТАНҒАН – ӘБІЛСЕЙІТ РҮСТЕМҰЛЫ АЙХАНОВ 15 СӘУІР 1938 ЖЫЛЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ, САРҚАН АУДАНЫ, ПОТАКИЛОВКА АУЫЛЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. 1957 ЖЫЛДАН БАСТАП КҮРЕС АЛАҢЫНА ШЫҚҚАН СПОРТШЫНЫҢ БІЗ ҮШІН АЛАР ОРНЫ БІР ТӨБЕ.

Ғасырда бір туатын ірі тұлға еркін күрестен өз дәуірінде 11 рет ауыр және жартылай ауыр салмақта Қазақстан чемпионы, 1958-1969 жылдары КСРО халықаралық спорт шебері және «Совет күрескері» атақтарын алған. Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы 1963 жылы Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институтын бітірген. 1961-1970 жылдары елімізде өткен ауыр және жартылай ауыр салмақ дәрежесіндегі жарыстарда жауырыны жерге тимеген дарын иесі. Міне, осындай күші мен ептілігіне орай құрмет дәрежесі көтеріліп, халықаралық жарыстарға, атап айтқанда, Германия, Чехословакия, Индия, Жапония, Америка, Түркия, Иран, Монғолия, Австралия, Греция, Австрия, Голландия, Англия, Ауғаныстан елдерінде бақ сынасып, туған жерінің даңқын асқақтатты. Әлемнің түрлі қалаларының ірі күрес алаңында тек жеңіс тұғырынан көрінді. Мәселен, әлемге әйгілі дүниежүзінің III дүркін олимпиада чемпионы – А.Медведь, олимпиада чемпионы – А.Иваницкий, үнді спортшысы – Б.Сингх, Венгриялық – Резияк, II дүркін олимпиаданың күміс жүлдегері – Богумил, Кубат, И.Петр, Чехословакиялық Кемент, әлем кубогының иегері – Ленинградтық А.Албуя, Жопондық – С.Каванио, түрік – Г.Ильмаз, Эстондық – Т.Модалнее және К.Лийвап сынды спорт өкілдерімен тең дәрежеде болған.

Жоғарыда аталған теңдесі жоқ күрес майталмандары іспеттес Әбілсейіт Рүстемұлының есімі ұмыт болмауы керек.

Ә. Айханов қазақ күресін бүкіл әлемге паш етумен қатар, болашақ ұрпаққа жол ашып, жастарды тәрбиелеп, ұзтаздық та етті. Олардың жолын ашып, бар білгенімен бөлісті. Оның шәкірттерінің алды Халықаралық спорт шеберлері. Мысалы, А.Бұғыбаев, К.Көлебаев, Н.Нұрманов, А.Мұсабеков сынды бүгінгінің спорт шеберлерін айтуға болады. 1983-1989 жылдары Ә.Айханов еркін күрестен Ауғанстан Ұлттық командасының жаттықтырушысы, Ұлттық олимпиаданың мүшесі болған. Сонымен қатар, Қазақ күресінің президенті, Орта Азия және Қазақстан Ұлттық күрес федерациясының вице президенті қызметтерін атқарған. Ә. Рүстемұлы Алматы облысының Құрметті азаматы, 1962 жылы КСРО чемпионатында «Еркін күрестен» күміс медаль, 1963 жылы «Еркін күрестен» КСРО чемпионатында алтын медаль иегері. Спорт майталманы 1968 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Құдай қосқан жары – Кәмшат Айханова екеуі бес баланы тәрбиелеп жеткізді.

«Өз елі – өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» дегендей, ескерусіз, елеусіз қалған ердің маңдай тері бағаланады, ескеріледі деген сенімдеміз. Өйткені оның артында еңбегін ұмытпас халқы тұр. Бүгінгі Әділетті ту етіп ұстанған қоғамда әділеттік жеңіп, Талдықорған қаласындағы өзі еңбек еткен «Жастар» спорт кешеніне Әбілсейіт Айхановтың аты берілсе, нұр үстіне нұр болар еді...

Б. ТОПАШЕВ,
тарихшы.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

БИЛЬЯРДТАН ЖАРЫС ӨТТІ

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ «ZVEZDY» БИЛЬЯРД КЛУБЫНДА ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ҮШТӨБЕ ГАРНИЗОНДАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ АРАСЫНДА БИЛЬЯРДТАН ЖАРЫС ӨТТІ.

Жарыстың негізгі мақсаты әскерилер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және әскери бөлімдер мен мекемелер арасында дене шынықтыру мен спорт түрлері бойынша бағалау болып табылады. Жарысқа әр мекемемен әскери бөлімдерден екі спортшыдан жалпы он екі команда, 24 спортшы қатысты. Сайыстың өтуіне ұйытқы болған Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімі.

Ойын өте тартысты өтті. Спортшылар жеребе тартып, бас төреші ойын ережесімен таныстырды. Жарыс командалық бәсеке болған соң, әр ойыншы барын салып ойнады. Соққан соққылары торға дәл даритынына шүбә келтірмейсің. Тастаяқ спортының қырсырын жетік меңгерген әскерилер тәнті етті.

Сайыс қорытындысы бойынша I –орынды шебер ойын көрсеткен 48386 әскери бөлімі қанжығасына байлады. II – орынды 18386 әскери бөлімі иеленді. Ал, үшінші орынды Талдықорған гарнизонының Әскери прокуратурасы қанжығалады. Сонымен қатар, номинация бойынша турнирдің ең үздік ойыншысы ретінде ҚР ІІМ Оңтүстік өңірлік әскери-тергеу басқармасының Талдықорған бөлімінің бастығы подполковник Алмас Белібаев жеңіп алды.

Жарыс соңында жүлдегерлерге мадақтама, медаль және кубок салтанатты түрде табыс етілді.

Жанат СЕМБАЕВ,
Жетісу гарнизоны,
баспасөз
қызметінің бастығы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖҮРЕККЕ ПАЙДАЛЫ 3 «ДӘРУМЕН»

ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ – ЕҢ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН АУРУЛАРДЫҢ БІРІ. СОЛ ҮШІН ДЕ ЖҮРЕК АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ.

Кардиолог Анна Кореневич жүрекке пайдалы 3 «дәрумені» ұсынады. Жүрекке кей дәрумендер мен микроэлементтер шынымен де пайдалы:

D, E дәрумені және В тобының дәрумендері – жүрек бұлшықетін бос радикалдармен зақымдалудан қорғайтын антиоксиданттар.

Омега-3 майлы қышқылдары жүрек бұлшықетінің жұмысын жақсартады.

Кардиолог бұл дәрумендер тағамдық қосымшалардан гөрі тамақтан жақсырақ сіңірілетінін айтты. Сондықтан дәріханадан ББҚ сатып алмас бұрын рационға осы заттарға бай өнімдерді көбірек қосыңыз: жемістер, көкөністер, жаңғақтар, балық, зәйтүн майы.

«Дұрыс және үйлесімді тамақтанатын сау адамға жүрегіне қосымша дәрумендер қажет емес», – дейді Анна Кореневич.

Алайда сау жүрек құпиясы тек дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділікте емес.

«Жүрекке арналған ең жақсы «дәрумендер» – қуаныш, ләззат және бақыт сезімі», – дейді кардиолог.

Маманның айтуынша, жүрек саулығы үшін жағымды эмоциялар маңызды рөл атқарады:

Күйзеліс мен мазасыздық деңгейін азайтуға көмектеседі;
Қанайналымды жақсартуға ықпал етеді;
Қысымды түсіреді;
Иммунды жүйені қатайтады;
Энергияны арттырады;
Жалпы өмірге қанағаттануды арттырады.

«Ақшаңызды дәрумендерге емес, сізге қуаныш сыйлайтын заттарға жұмсаңыз. Сүйікті хоббиіңізбен айналысыңыз, жақын адамдарыңызбен араласыңыз, қызықты шараларға барыңыз және саяхаттаңыз. Бұлардың барлығы өміріңізді позитивті эмоциялармен толтыруға және жүрек саулығын сақтауға көмектеседі», – деп кеңес берді маман.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Дәрігерлер әдетте үйлесімді тамақтансаңыз, ешқандай дәрумендік қосымшалар керек емес екенін айтады. Алайда тағы бір маңызды нәрсені ескеру керек: тамақтан барынша пайда алуға кедергі келтіретін әдеттер бар. Ол қандай әдеттер?

ТАМАҚТЫҢ БҮКІЛ ПАЙДАСЫН ЖОЯТЫН 10 ӘДЕТ

1. Тамақты жылдам ішу

Асығып отырып тамақ ішуге үйренген болсаңыз, асқазан проблемалары пайда болуы мүмкін. Оған қоса, адам жылдам тамақтанған кезде ми тойғаны жайлы белгі алып үлгермейді, сондықтан артық тамақтанып қоюы әбден мүмкін. Ал артық тамақтану – артық салмақтың негізгі себептерінің бірі.

Тамақтану кезінде тоқтық сезімі сіздің не жегеніңізге қарамастан шамамен 15-20 минуттан кейін ғана келеді. Ал сол тоқтық сезімінің ұзаққа сақталуына тамақтың сапасы мен калориялығы әсер етеді. Сондықтан барлық диетологтар тамақты асықпай шайнап жеуді ұсынады.

2. Таңғы ас ішпеу

Таңғы ас ішуді әдетке айналдырған адамдардың есте сақтауы мен когнитивті функциялары жақсарады. Оны көптеген зерттеулер дәлелдеген. Сондай-ақ таңғы ас ішу тиімді арықтауға көмектеседі. Егер таңертең сапалы әрі тойымды таңғы ас ішіп алсаңыз, түскі аста калориясы көп тамақ іздемейсіз.

3. Тойымды әрі ауыр кешкі ас ішу

Кей адамдар күні бойы толыққанды ас ішуге уақыт таппайды да, оның орнын кешкісін үйге келген кезде толтырады. Оған қоса, тамақ ашуланғанды, шаршағандықты жылдам басып, көңіл күйді көтере алады. Алайда зат алмасу процестері кешке қарай баяулай түседі. Кешке артық тамақтану артық салмаққа әкеледі. Сондай-ақ тойып тұрсаңыз, ұйықтап кету қиынға соғады және ұйқыңыз дұрыс қанбайды.

4. Тамақтан соң бірден темекі шегу

Темекі ешкімді сау етпейді. Алайда тамақтан соң бірден темекі тарту екі есе зиян келтіреді.

5. Суды аз ішу

Ағзаға судың маңызы жайлы бәрі біледі. Бірақ көпшілік оны жеткілікті мөлшерде ішпейді. Егер суды аз ішсеңіз, тамақ дұрыс қорытылмайды, ал қоректік заттар ішекке нашар сіңеді. Сондай-ақ көп адам шөлдегенін қарын ашқанмен шатастырады. Сондықтан судың жетіспеушілігі артық тамақтануға итермелеуі мүмкін. Егер қарныңыз ашып тұрғандай сезімде болсаңыз, алдымен бір стақан су ішіп жіберіңіз.

6. Кофені көп ішу

Кофенің ағзаға пайдасы бар. Бірақ оны мөлшермен ішу керек. Оның қауіпсіз мөлшері – күніне 3 шай кесе. Егер оны өте көп ішсеңіз, ол жүрекке зиян келтіреді. Сондай-ақ кофе ағзадағы кальцийды шайып шығарады және басқа да пайдалы заттардың сіңуіне кедергі келтіреді.

7. Демалыс күндері артық тамақтану

Кей адамдар жұмыс күндері өздерін шектеп, тәтті және зиян тамақтарды мүлдем жемеуге тырысады да, демалыс күндері оларды өзіне бақылаусыз жеуге рұқсат береді. Бұл тамақтану режимін бұзады. Оның орнына күнде кез келген тамақты мөлшермен жеген дұрыс.

8. Көңіл күйді тамақпен көтеру

Кейде адамдар қарны ашқаннан емес, көңіл күйі болмағанда немесе еріккеннен тамақ жей береді. Тамақ шынымен де мазасыздықты жақсы кетіреді, алайда мұндай әдет эмоционалды артық тамақтануға ықпал етеді. Егер бұл әдеттен арыла алмасаңыз, мұндай кезде ең болмағанда пайдалы өнімдер ғана жеуге тырысыңыз. Мысалы, тәрелкеге жемістер турап қойыңыз.

9. Қанты бар өнімдерді көп жеу

Қантты көп жеу семіздік, тіс жегі және диабет секілді жағымсыз салдарларға әкеледі.

10. Гаджетке қарап тамақтану

Қазір көпшілік видео немесе сериал қоспай дастарханға отырмайды. Алайда тамақтану кезінде сізді ештеңе алаңдатпау керек.

Massaget.kz сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Кирилл КОНЫШЕВ

Қарақат СЕГІЗЕКОВА

Маргарита КОНЫШЕВА

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 1431
Индекс 15534